

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 578.1:37.015.312

Қолжазба құқығында

АНАРКУЛОВА ЭЛЬМИРА ИЗБАСАРОВНА

**Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру
негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру
әдістемесі**

6D011300 - Биология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
PhD док., қауымдаст. проф. м.а.
Аманбаева М.Б.
б.ғ.д., проф. Богоявленский А.П.

Шетелдік ғылыми кеңесші
п.ғ.д., проф. Суматохин С.В.
Мәскеу қалалық
педагогикалық университеті

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ВИРУСТАРДЫ МОЛЕКУЛЯРЛЫҚ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ СИПАТТАУ ЖӘНЕ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1 Биолог мамандарды даярлаудағы «зерттеушілік құзіреттілігі» ұғымының ғылыми-теориялық негіздері	16
1.2 Вирустарды молекулалық - генетикалық зерттеу материалдарын оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктерін ғылыми-теориялық талдау	23
1.3 Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі	39
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	46
2 ВИРУСТАРДЫ МОЛЕКУЛЯРЛЫҚ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ СИПАТТАУ ЖӘНЕ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК - ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ	48
2.1 Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде зерттеулерді талдау нәтижелері	48
2.2 Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі	76
2.3 Тәжірибелік - эксперименттік зерттеу жұмысы және оның нәтижелері	97
Екінші бөлім бойынша тұжырым	109
ҚОРЫТЫНДЫ	112
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	114
ҚОСЫМША А - Ғылыми - зерттеу жұмысы нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру актісі	126
ҚОСЫМША Ә - Вирусология негіздері оқу құралы	127
ҚОСЫМША Б - Acheta domesticus densovirus (AdKaz18) геномының толық тізбегі GenBank-ке MT823474 тіркеу	130
ҚОСЫМША В - Invertebrate iridescent virus Kaz2018, геномының толық тізбегі GenBank-ке MT862761.1 тіркеуі	131
ҚОСЫМША Г - Микробиология және биотехнология пәніне арналған оқу әдістемелік кешен	132

ҚОСЫМША Д - Вирустарды молекулярлық- генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің көрсеткішін анықтауға арналған сауалнама үлгісі

136

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. № 319-III ҚРЗ, Астана, Ақорда, 27.07.2007ж.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен), 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI (2023 ж. 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі);

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. № 407 - IV ҚРЗ, Астана, Ақорда, 18.02.2011 ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Нұр-Сұлтан 1 қыркүйек, 2021 //https://strategy2050.kz/news/zholdau-2021-zhalpy-ltty-is-sharalar-zhosparyny-zhobasyny-ba-yttary-zh-zege-asuy/

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1.09.2022 ж.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 . Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, №908 Қаулы, 27.12.2019 ж.

МЕМСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері.

МЕМСТ 7.32-2001. – 2006 жылы өзгеріс енгізілген. – Ғылыми-зерттеу жұмысына есеп беру. Құрылымы мен безендіру ережелері.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Әдістеме – оқу үдерісінде пайдаланатын әдістер жиынтығы және білім беру ұстанымдарын зерттеу саласы.

Биолог маман – тірі организмдердің даму заңдылықтары мен жалпы құрамын организмдер көптүрлілігін зерттеуші. Ол материал негізінде зерттеу жасап, сынақ жүргізе отырып, алынған нәтижелердің практикада қолдануын ұйымдастыратын тұлға.

Ғылыми - зерттеу іс-әрекеті – оқу үрдісінен тыс орындалады, ол оқу жоспарына қосылмайды, бұл іс -әрекетті ұйымдастырудың негізгі принципі студенттердің өз еркімен және өз бетімен орындалуы тиіс (М.И. Махмутов).

Зерттеушілік құзыреттілігі – студенттер тұлғасының интегралдық сапасы, жүйесін тұтас іске асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық үдерісті құру және ұйымдастыру іс-әрекеттері болашақ кәсіби қызметінің объектісі ретінде ғылыми таным әдістері

Интеграция – кіріктіру білім беру үдерісін жаңартудың маңызды бағыты, жаһандану жағдайында ғылым мен білімнің өзара кешенді түрде, байланысын арттыратын қоғамдық дамудың жетекші факторы

Кәсіби құзыреттілік – қабілетті, белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің деңгейі

Құзырет – тұлғаның іс-әрекетін, білімін, белсенділігін, дербестігін және басқа да қасиеттер кешенін қамтитын іс-әрекетке дайындығын білдіретін, кәсіби тұрғыдан дамудың ең жоғарғы деңгейін меңгеру тәсілдері

Құзыреттілік – бұл алынған білімдер, білікті, тәжірибе және басқада жеке қасиеттерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі

Модель – (лат. modulus) сөзінің тікелей аудармасы «шама», «үлгі» деген мағынаны білдіреді

Педагогикалық жүйе – белгілі бір қаблеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі

Вирустар – үш патшалықтың-Archaea, Bacteria және Eukarya өкілдерінде ауру тудыруы мүмкін жасушалық емес инфекциялық агенттер

Метагеномика – кез-келген субстраттан оқшауланған генетикалық (әдетте микробтық) материалды жүйелеу

Жүйелеу реттілігі (секвенирлеу) – бір үлгідегі микроорганизмдердің әртүрлілігін салыстырмалы бағалауға мүмкіндік беретін бірқатар микробтық әлем өкілдерінің геномының мақсатты учаскесі

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Абай атындағы ҚазҰПУ	- Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті
БТ	- Бақылау топ
ДНҚ	- Дезоксирибонуклеин қышқылы
ЖОО	- Жоғары оқу орны
ЖББ	- Жалпы білім беру бағдарламалары
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ПТР	- Полимеразды тізбекті реакция
ПААГ	- Полиакриламидті гель
СОӨЖ	- Студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстары
СӨЖ	- Студенттердің өзіндік жұмысы
ЭТ	- Эксперименттік топ
NCBI	- National center for Biotechnology information (Ұлттық биотехнологиялық ақпарат орталығы)
BLAST	- Basic local alignment search tool (Негізгі жергілікті бағдар іздеу құралы)
ДМС	- Диметилсульфид
LTR	- Long terminal repeat
SARS	- Severe Acute Respiratory Syndrom (Ауыр жедел респираторлық синдром)
MERS	- Middle East respiratory syndrome (Таяу шығыс респираторлық синдромы)
COVID-19	- COronaVirus Disease 2019 (Коронавирус ауруы 2019)

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі қоғамның дамуы үнемі өсіп келе жатқан динамизммен, табиғат танымының жаңа деңгейлеріне енуімен, әлеуметтік құрылымның өзгеруімен және бұрын белгісіз салаларда сапалы жаңа қызмет түрлерінің пайда болуымен сипатталады. Мұндай жағдайларда қазіргі заманғы маман үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу. Кәсіби қызметтің теориялық негіздерін құрайтын іргелі білімді игеру, мінез-құлық пен қызметтің жаңа стратегияларын құру және іске асыру мүмкіндігі ерекше маңызды болады. Зерттеу компоненті маманның кәсіби және әлеуметтік қызметке дайындығы құрылымындағы жетекші компоненттердің біріне айналады. Сондықтан зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту туралы мәселе жоғары мектеп түлектеріне қойылатын өзекті талап етілетін талаптардың қатарына қойылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Бір тұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауындағы басым бағыттардың бірі, ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция. Бұл бағыттың негізі, қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек, деп көрсетілген. Жолдауда «Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек» - деп жастардың болашақ мамандықтарына баса назар аудару керектігі нақты айтылған [1].

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауындағы мәселелердің бірі, сапалы білім беру. Аталған жолдауда, жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті екендігі нақты айтылған. Президент: «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» - деп баса көрсеткен [2].

Мемлекеттің ғылыми-техникалық потенциалының өсуі, жоғарғы оқу орындарында зерттеу құзіреттілігінің нәтижелілігін арттыра түсуді қажет етіп отыр. Бүгінгі Қазақстанның даму кезеңінде ғылым мен білімнің өзара байланысы, оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту, мемлекеттің экономикалық өсуінің басты қозғаушы күші болып отырғандығы анық. Сондықтан қазіргі таңда біздің мемлекетте жоғары білім беруде өзінің кәсіби-

тұлғалық құзыреттілігін жүзеге асыруға дайын, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау қажеттілігі артуда.

Осы қажеттіліктерге сәйкес, жоғары білім беруді дамытудың негізгі шарты болашақ мамандарды даярлауда кәсіби білім беруге бағыттау қажеттігі анықталады студенттер мен оқытушылардың іргелі зерттеулеріне, бұл әлемдік ғылыми мектептер, сонымен қатар жаңа ұрпақ өсіру қажеттіліктеріне бағытталған зерттеулер, инновациялық білім беру экономикасы.

Қазіргі таңда еліміздегі білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес, жоғарғы оқу орындарындағы білімге қойылып отырған талап өзгеріске ұшырап, ең алдымен болашақ маманға пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығын меңгерту ғана емес, олардың оқу-танымдық, зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруды жүзеге асыру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты жоғары оқу орын түлектеріне қойылатын әлеуметтік талап олардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісі жүйесінде лайықты орын алуға бағдарлануы елдің инновациялық даму міндеттерін шеше алатын, экономика мен қоғамның қазіргі ғана емес, сонымен бірге дамушылық қажеттіліктерін ескеретін мамандарды дайындауды талап етеді. Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінің түлектері туындаған проблемалардың жаңа шешімдерін табуға, жаңа міндеттер қоюға және шешуге мүмкіндік беретін құзыреттерге ие болуы керек. Осыған орай, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту мәселесі болашақ мамандарға қойылатын аса маңызды талаптардың қатарына қосылады.

Жоғарыда тоқталып өткен мәселелер болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің өзіндік сипатқа тән ерекшелігін айқындай түседі. Осыған байланысты олардың педагогикалық үдерісті ғылыми негізде жобалау мен жүзеге асыруды қайта қарау мен меңгеруге бағытталған жаңа білімді зерделеу қажет етіледі. Бұл өз кезегінде болашақ биолог маманның да келешек кәсіби іс-әрекетінде жаңа жетістіктерге қол жеткізуі олардың зерттеушілік құзіреттілігінен талап етілетіндігін тағыда дәлелдей түседі.

Зерттеушілік құзіреттілігі арқылы студенттің ғылыми дүниетанымы дамиды. Ғылыми дүниетаным тек теориялық білім алу арқылы ғана емес, сонымен қатар, нақты дәлелдер және зерттеушілік әрекеттер нәтижесінде қалыптасады. Студенттер өз алдына орындаған зерттеушілік жұмыстар нәтижесінде нақты шындыққа көз жеткізеді. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарының алдына болашақ мамандарды даярлауда зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру әдістерін меңгеру міндетін қояды.

Осыған орай жаңа әлеуметтік - экономикалық жағдайда студентті келешек мамандығын дайындауда басты мәселелердің бірі ретінде адам мен табиғат, мәдениет, қоғам арасындағы қарым – қатынасының заңдылықтары туралы жүйелі білім қалыптастыру болып отыр. Ал биологиялық білім өз кезегінде адам мен табиғи орта арасындағы қарым-қатынасты нақты зерттеу арқылы, өзін қоршаған табиғи ортасы, тіршілік құбылыстары туралы білімді өзіндік

зерттеулер жүргізу арқылы ғылыми шындыққа көзін жеткізе алатын маман болуы қажет екендігі даусыз.

Зерттеушілік құзыреттілігінің түрлі аспектілерін және оны қалыптастыру жолдары көптеген педагог-әдіскер ғалымдар өз жұмыстарында зерттеу жүргізді. Мысалы, Абдулова Л.Ш., Соляников Ю.В., Заир-Бек Е.С., Исаева З.А., Загвязинский В.И., Лазарев В.С., Ставринова Н.Н., Хан Н.Н., Баймукашева Г.К., Исаева З.А., Аманбаева М.Б., Салыбекова Н.Н. және т.б. [3-12].

Іс-әрекет тәсілінің талаптарына сәйкес зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру білім алушыларды іздеу қызметіне қосуды талап етеді. Бұл белсенді оқыту технологиялары зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың жетекші құралы ретінде әрекет ететіндігін білдіреді. Биологиялық білім беру үдерісінде белсенді оқыту тиімділігінің әдістемелік негізі: Н.М. Верзилин, В.М. Корсунская, В.Ф. Зув, Н.А. Рыков, Б.Е. Райков, Г.М. Гольцова, С.В.Суматохин және отандық биолог - әдіскер ғалымдар: Қайым Қ, Торманов Н., Чилдибаев Ж.Б., Жүнісова К., Әлімқұлова Р., Жұмағұлова Қ.Ә., Қуанышева С.Е., Қалиева А.Н. ғылыми - әдістемелік еңбектерінде көрініс тапқан [13-29]. Ал биология пәнін оқыту үдерісінде зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік жүйесін ұсынуға арналған шетел және отандық еңбектер: F. David (орта білім беру үдерісінде), В.Б. Данилевская (аудиториядан тыс білім беруді ұйымдастыруда), М.Б. Аманбаева (болашақ биолог мұғалімдерді дайындаудағы зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруда), Н.Н.Салыбекова (зерттеушілік білікті қалыптастыруда) [30,31].

Шетелдік педагогикада белсенді оқыту көптеген зерттеушілердің назарында болды Дж. Дьюи, Дж. Брунер, Л. Клигберг, Зуга К. және т. б. қазіргі кезеңде АҚШ-тың білім беру жүйесінде «конструктивтілік» теориясы дамып отыр, оған сәйкес оқыту нақты өмірдегі мәселелерді құру және шешу, практикалық жағдайлардан, түпнұсқа материалдардан және т. б. фактілер мен мәліметтерді тапсырмаларға қосу арқылы құрылады. Осы бағыт шеңберінде "проблема - болжам - шешім-қосымша - жаңа проблема және т.б." зерттеу циклі түрінде оқу процесін ұйымдастыруды көздейтін зерттеушілік оқыту моделі әзірленді [32-34].

Жоғарыдағы зерттеулерге сәйкес, біз өз зерттеуімізде болашақ биолог маманның зерттеушілік құзыреттілігін ғылыми зерттеу нәтижелерін білім беру үдерісіне кіріктіру зерттеулерді талдау негізінде қалыптастыру әдістемесін ұсыну жоспарладық. Яғни, нақты айтар болса, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі. Вирустар – үш патшалықтың-Archaea, Bacteria және Eukarya өкілдерінде ауру тудыруы мүмкін жасушалық емес инфекциялық агенттер. Барлық тірі организмдерге тән дербес метаболизмнің болмауы, вирустар көбеюге қажетті барлық қасиеттерді қамтиды. Вирустардың шығу тегі вирустану ғылымының шешілмеген мәселелерінің бірі болып қала береді. Бүгінгі таңда зерттеудің жаңа әдістерінің пайда болуымен вирустарды аурудың көзі ретінде зерттеуге деген көзқарас тым үстірт екендігі белгілі болды

вирустар негізгі геохимиялық элементтердің циклінде үлкен маңызға ие, олардың иелеріне қосымша қасиеттер бере алады, бұл қорек көздері үшін күресте артықшылық көрсетеді.

Вирусология ғылымның басқа салаларымен: молекулалық биологиямен, биохимиямен, генетикамен, иммунологиямен және физика – химиямен тығыз байланыста дамып, олардың әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, өз кезегінде биологиялық жүйелерді ұйымдастырудың және жұмыс істеуінің негізгі принциптерін зерттеу үшін ыңғайлы модельдік нысандарды ұсынды. Қазіргі биохимия мен микробиологиядағы іргелі жаңалықтардың көпшілігі вирустық ақуыздар мен нуклеин қышқылдарының құрылымы мен қасиеттерін зерттеу кезінде жасалды. Сонымен қатар, гендік инженерия, химиялық синтез, иммунология және иммунохимия әдістерінің қарқынды дамуының арқасында қазіргі заманғы қауіпсіз және тиімді вакциналық препараттарды, сондай - ақ жоғары сезімтал және сенімді диагностикалық тест-жүйелерді жобалау мүмкін болды. Вирусологияда жауаптардан гөрі сұрақтар көп болғанымен, сенімді түрде айтуға болады, бұл қазіргі заманғы биология мен медицинадағы зерттеулердің ең қызықты және перспективалы бағыттарының бірі.

Соңғы онжылдықтардың техникалық дамуы іргелі ғылымды молекулалық деңгейде табиғи жүйелерді зерттеу әдістерінің кең спектрімен қамтамасыз етті. Бұл спектрдің бір бөлігі бірқатар ғылыми тәсілдер болып табылады, олардың зерттеу объектілері "жиынтықта", яғни биологиялық жүйеде кез-келген біртекті заттардың жалпы жиынтығы болып табылады. Технологиялық салада микробтық қауымдастықтарды молекулалық-генетикалық талдаудың басты қадамы жоғары өнімді жүйелеу реттілігі (секвенирлеу) технологияларының (яғни ДНҚ-дағы нуклеотидтер тізбегін "оқу") немесе жаңа буын жүйелеу реттілігі (секвенирлеу) әдістерінің (Next - Generation Sequencing-NGS) пайда болуы болды.

Шетелдік және отандық зерттеулерді талдау нәтижесінде, тақырыптың өзекті екені айқын. Алайда бұл тақырыптың толық қанды, мақсатты түрде зерттелмеуі мынадай **қарама-қайшылықтарды** көрсетуге мүмкіндік берді:

- әдістемелік дайындық жүйесіндегі биологиялық мазмұнды ұсынудың дәстүрлі тәсілі мен жалпы орта биологиялық білім беру жүйесінің мазмұндық қажеттіліктері арасындағы қарама-қайшылық, бұл мазмұнның жалпы білім беретін даму әлеуетін қолдана отырып, ЖОО вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде оқу материалын құрастыруды көздейді;

- ЖОО-дағы қолданыстағы әдістемелік дайындық пен білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері, олардың даму перспективаларына сүйене отырып, оқу үрдісін құруға бағдар арасындағы;

- биология мұғалімдерін даярлаудың қолданыстағы моделі шеңберінде кәсіптік білім алу қажеттілігі мен қазіргі мектептің мамандарға қоятын талаптары арасындағы;

- қазіргі таңдағы мектептегі білім беру бағдарламаларындағы өзгерістермен, соған сәйкес маман даярлау арасындағы;

-биологияны оқыту теориясы мен практикасында білім алушылардың өздігінен білім алуға ұмтылысын қалыптастырудағы объективті қажеттілік пен оның оқыту практикасында жеткіліксіз дамуы арасындағы;

- қазіргі уақытта заман талабына сай студентке зерттеу құзіреттілігінің қажеттілігінің артуы және оны ғылыми зерттеу үдерісінде қалыптастырудың зерттелмеуі мен оны қамтамасыздандыру механизмдерінің әліде жеткіліксіз болуы.

Аталған қарама-қайшылықтар болашақ биолог маманның кәсіби даярлығында олардың зерттеу құзіреттілігін қалыптастырудың жаңа шарттарын іздестіру мен оны теориялық тұрғыдан негіздеу проблемасын айқындады.

Жоғарыда аталған қарама – қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру, мәселені анықтау және зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыруға қойылып отырған қазіргі білім беру жүйесіндегі талаптар біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін көрсетті және бізге тақырыпты: **«Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін ұсыну және оның тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу.

Зерттеу нысаны: биолог студенттердің оқу үдерісі.

Зерттеу пәні: вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеудің міндеттері

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастыруды ғылыми-теориялық негіздеу;

- адам денсаулығына зиян келтіруі және мал мен ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін жаңа вирустарды анықтау және биоинформатикалық талдау;

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастырудың мазмұнымен әдістемесін ұсыну;

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру, оқу үдерісіне ендіру.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру және ғылыми таным

мен оқыту үдерісіндегі зерттеушілік құзіреттілік туралы философиялық білім, теориялар мен идеялар, дидактикалық және әдістемелік көзқарастар.

Зерттеу көздері: зерттеу бағыты бойынша биологиялық, философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектер. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттары (заңдар, қаулылар, бағдарламалар, тұжырымдамалар, т.б.). Білім және ғылым министрілігінің жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне байланысты ұсынылған құжаттары (жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары), педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері, ізденушінің жеке іс-тәжірибелері.

Зерттеу әдістері: зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда төмендегідей әдістер кешенді түрде қолданылды:

- теориялық (талдау және синтездеу, қортындылау және салыстыру, абстракциялау және нақтылау, зерттеу болжамын модельдеу және нәтижелерді жобалау);

- эмпирикалық (сауалнама жүргізу, әңгімелесу, бақылау, оқу - әдістемелік құжаттарын талдау, педагогикалық міндеттерді шешу, консультациялар беру, тест жүргізу, тәжірибелік – эксперименттік жұмыс);

- зертханалық (зертханалық жағдайда вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру бойынша жұмыстардың зерттеу әдістері);

- статистикалық (зерттеу нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеу).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды;

- вирустарды молекулярлық-генетикалық зерттеу нәтижелері негізінде зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру мазмұнын анықталды;

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастырудың әдістемесі жасалды;

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, оқу үдерісіне ендірілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

- бірқатар аурулардың қоздырғыш геномдарының фрагменттерінің болуына байланысты қоршаған орта объектілерін бақылау қажеттілігі анықталды;

- *Acheta domesticus* денсовирус (AdKaz18) геномының толық тізбегі GenBank-ке MT823474 тіркеу нөмірімен орналастырылды

- зерттеу нәтижесінде, «Нозокомиалды инфекция туғызатын *E.coli* штамдарының лизис тәсілі» тақырыбында патент алынып, оқу үдерісіне кіріктірілді;

- «Вирусология негіздері» атты оқу құралы жарыққа шығып, оқу үдерісіне ендірілді;

- зерттеу нәтижелері «Микробиология және биотехнология» пәніне арналған оқу әдістемелік кешен оқу үдерісіне ендірілді.

Зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарында биолог студенттерді даярлау үдерісінде, педагогтардың біліктілігін жетілдіру курстарында пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі: диссертацияның теориялық, ғылыми әдістемелік міндеттеріне сай орындалуымен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, зерттеу пәніне сай тиімді әдістерді пайдалануымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарлануымен, алынған нәтижелердің дәлдігімен және тиімділігімен қамтамасыз етілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастырудың ғылыми - теориялық негіздерін талдау нәтижесі;

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі;

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі;

- студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастырудағы әдістемесінің тиімділігін көрсеткен эксперимент жүзіндегі дәлелдерінің қорытындысы мен нәтижелері қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

Зерттеу базасы: зерттеу жүргізу мен зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге енгізу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің биология кафедрасында, Микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығының «Вирусқа қарсы қорғаныс» зертханасының базасында орындалды.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы және жүзеге асырылуы. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен тәжірибелік нәтижелері 2018 - 2021 жылдар аралығында келесі халықаралық ғылыми – практикалық конференцияларда баяндалып, оң бағасын алды: «Перспективные направления исследований в методике обучения биологии и экологии» (Санкт-Петербург, 2019), «Перспективы развития вузовской науки» (Москва, 2021), Жас

ғалымдардың: биофизиктердің, биотехнологтардың, молекулалық биологтардың және вирусологтардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Новосибирск, 2021), Халықаралық конгресс материалдары Биотехнология: жағдайы және даму перспективалары (Москва, 2021).

Зерттеу жұмысы нәтижелері жоспарға сәйкес, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің биология кафедрасының және Мәскеу қалалық педагогикалық университетінің ғылыми - әдістемелік семинарларында тұрақты түрде баяндалып, тыңдалды, талдау жасалынды.

Жарияланымдар: Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 17 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде: 5 мақала Scopus базасында индекстелетін ғылыми журналда жарияланған; 2 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі басылымдардағы жарияланымдар; 1 мақала шетелдік рейтингтік (шетелдік сараптамалық) ғылыми журналдарда жарияланған; 1 мақала Қазақстанның ғылыми журналдарында жарияланған; 7 мақала жақын және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық – практикалық конференция материалдарында және 1 оқу құралы жарияланған.

Диссертация құрылымы мен мазмұны: диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделеді, зерттеудің нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық - теориялық негіздері, әдістері, кезеңдері, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми болжамы, қорғауға ұсынылатын қағидалары анықталады.

«Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері» деп аталған бірінші тарауда «Биолог студенттердің зерттеушілік құзыреттілігі» ұғымының теориялық негіздеріне талдау, вирустарды молекулалық-генетикалық зерттеу материалдарын оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктерін теориялық талдау материалдарын оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктерінің зерттелу жағдайын талдау материалдарын оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктері бойынша талдау жасау нәтижесінде, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі ұсынылады.

«Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі және тәжірибелік - эксперимент нәтижелері» деп аталған екінші тарауда Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде зерттеулерді талдау нәтижелері баяндалады. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде

студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі ұсынылады, оның тиімділігін анықтау үшін педагогикалық эксперимент нәтижелеріне талдау жасалады.

Қорытындыда теориялық және эксперименттік жұмыстардың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ұсыныстар беріледі.

Қосымшада тәжірибелік – эксперимент жұмыстарының материалдары мен ғылыми - зерттеу жұмысы нәтижелерін ендіру актілері көрсетілген.

1 ВИРУСТАРДЫ МОЛЕКУЛЯРЛЫҚ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ СИПАТТАУ ЖӘНЕ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Биолог студенттердің «зерттеушілік құзіреттілігі» ұғымының ғылыми-теориялық негіздері

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуде жасаған қадамдары осы кезге дейінгі білім беру парадигмаларын, әдістерін, формаларын жетілдіру талабын қойды. Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш ол – білім. Білім беру – оқытудың, тәрбие мен дамытудың үздіксіз процесі.

Мемлекетіміздің қарқынды дамуы жоғары білім беру жүйесін, оның мазмұны мен құрылымын жаңартуға міндеттеп отыр, сондықтан да келешек жас маманды даярлауда білім мен тәрбие беру ісі басты мәселеге айналып, ерекше мәнге ие болып отыр. Бүгінгі таңдағы білім беру ісінің негізі болашақ маманның біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, оларға ақпаратты өздігінен іздеп табатын және талдау жасай білетін, сонымен қатар оны қажеттілігіне байланысты пайдалана білетін, белсенді өзгеріп жатқан бүгінгі күнге сай өмір сүріп, қызмет атқаруға дайын, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті деп кәсіптің қай саласында болмасын әр түрлі жағдайларға бейімделе білетін, бойында шығармашылық қасиеттері қалыптаса білген тұлғаны айтамыз. Аталған қасиеттерге ие тұлғаны қалыптастыру үшін студентті ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, қорытынды талдау жасай білуге бейімдеу қажет. Жоғарыдағы айтып кеткен қажеттіліктерге байланысты, білім берудің жаңа парадигмалық жағдайында студенттің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруға деген сұраныс артуда.

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру бойынша оқу-зерттеу тәжірибесінде студенттердің зерттеу қызметінің құрамы мен құрылымын анықтау мақсатында біз зерттеу мәселесі контекстінде "зерттеу құзіреттілігі" ұғымының мазмұнын талдап, нақтыладық. Білім беру тарихында зерттеушілік құзіреттілік салыстырмалы түрде «жаңа» ұғым, өткен жүз жылдықтың 90- жылдарында қолданысқа ене бастаған, алайда, бұл ұғымның зерттелу тарихы тереңде.

Жалпы «зерттеу» сөзінің түсініктемесі – танымдық қызметтің арнайы түрі ретінде ғылымға тән жаңа білім өндіру тәсілі деп түсіндіріледі [35].

Экспериментатор – мұғалім тәжірибесі 1960-жылдары қалыптаса бастады, В.Ф. Шаталовтың пікірінше, педагог өзі қатысқан үдерістің бақылаушысы және зерттеушісі болу қажет. Мұғалім өз білімін дамыту, тереңдетумен қатар, өз

бойында педагогтың және ғылыми қызметкердің қасиеттерін ұштастыра білуі керек. Педагог-зерттеуші – білім беру саласына қажетті маман [36].

Мұғалімнің білім беру саласындағы зерттеушілік құқығы мәселесінің маңызын алғашқылардың бірі болып қарастырған В.А. Сухамлинский былай деп жазған: «Оқу орнындағы нағыз шығармашылық еңбек – ол, ең алдымен терең ойлау және зерттеу». Сонымен қатар, В.А. Сухамлинский пікіріне сәйкес: «педагогикалық шығармашылықтың ең жоғарғы кезеңі – практиканы ғылыми зерттеу элементтеріне кіріктіре білу, нәтижесінде, күнделікті еңбек барысында теориялық білім тереңдей түседі, ал практика жаңалықты танып білуге деген ойдың сарқылмас көзіне айналады» [37].

Зерттеушілік қызметті дамыту проблемасына арналған еңбектерінде В.И. Загвязинский зерттеушілікті оқу үдерісіне, мектепке жақындата түсуде көп үлес қосты. Аталған қызметтің негізгі белгілері, олар зерттеу жұмысының бағытын және проблеманы терең, жан-жақты философиялық-әдістемелік негіздеу, зерттеу тақырыбына сәйкес жүргізілген тәжірибеге, жалпы теориялық нәтижелерді ғылыми негізделген ұсыныстарға ауыстыру, білім беруде ғылымды шығармашылық тұрғыда қолдануға ынталандыру, зерттеу нәтижелерін талдау, пайдалана білу, практикаға ендіру [6,б. 126-128].

Зерттеушілік іс-әрекет жайында зерттеудің негізін қалаушылардың бірі - Д. Берлайн, физиологиялық бағыттылық тұрғысынан берген анықтамасында «зерттеу іс-әрекеті – белгісіздіктің туындауынан ынтаны төмендетпеуге бағытталған әрекет» деп түсіндірсе, А.Н. Поддьяков «зерттеу іс-әрекеті – адамды қоршаған сыртқы ортадан жаңа мәліметтер іздестіру мен оларды табуға бағытталған белсенді әрекет» деп түсіндіреді [38, 39].

Ғылыми – теориялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерде зерттеушілік күзиретгілік маңызын ашу мақсатындағы көзқарастарды талдай келе, оны анықтаудың бірнеше бағытталған іс-әрекеттер негізінде болғанын байқауға болады:

- оқу белсенділігі мәселелері және танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру тұрғысынан (М.А. Утешова [40], Р.С. Омарова [41], Г.И. Кулагина [42], Н.Ф. Талызина [43], Ф.В. Беркуштене [44], М.Ө. Мұқашова [45], В.И. Журавлев [46]);

- жаңа білімді меңгеру мақсатындағы зерттеушілік іс-әрекеті негізіндегі өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тұрғысынан (Г.К. Баймукашева [9,б. 101], В.И. Богословский [47], З.А. Исаева [48], С.Ю. Трапицын [49], Э.Я. Ганон [50], В.В. Лаптев [51]), В.А. Козаков [52]);

- оқыту проблемаларын шешуге бағытталған іс-әрекеттер тұрғысынан (М.И. Махмутов [53], Ж.Б. Чилдибаев, М.Б. Аманбаева [54]);

- ғылыми шығармашылық әдістерді меңгеруге, шығармашылық тапсырмалар мен міндеттерді шешуге бағытталған шығармашылық іс-әрекеттер тұрғысынан (Ш.Т. Таубаева [55], А.Ш. Байтукаева [56], Н.Ф. Даумов [57], Г.В. Денисова [58]).

Осы жоғарыдағы және көптеген басқа еңбектерімен таныса отырып, келтірілген түсініктер негізінде біз, студенттердің өзіндік жұмыстар ұйымдастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқу белсенділігін арттырып, танымдық ізденімпаздығын қалыптастырып, болашақ мамандығына маңызды рөл атқарады деген қорытындыға келдік. Осы қорытындыны студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру арқылы оңтайлы іске асыруға болады деген тұжырымға тоқталдық.

Ғылым - теориялық зерттеу нәтижесінде байқағанымыздай, көптеген авторлар өз еңбектерінде «зерттеушілік қызмет», «зерттеушілік мәдениет» және «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарын пайдаланады [59]. Ал Т.А. Беспмятныхтың [60] диссертациялық зерттеу жұмысында «зерттеушілік іс-әрекеті» сонымен қатар «зерттеушілік қызметі» терминдері қатар, балама ретінде қолданылады.

Ю.В. Соляникова және Е.С. Заир-Бек еңбектеріндегі деректерге сәйкес, зерттеушілік қызметі – ғылыми және зерттеушілік іс-әрекеттерінің ұйымдастыру формасы, ал зерттеушілік іс-әрекет – жаңа білімді қалыптастыру, өңдеу және тарату қызметтерін қамтыған, үдеріс [4,б. 98-102] деген түсініктеме береді. Ал, М.А. Утешова өз зерттеуінде «...зерттеушілік қызметі – жеке адамға бағытталған білім беру парадигмасын іске асырудың бір құралы» – деп түсіндіреді [40,б. 54]. Ал М.Б. Аманбаева өз еңбегінде «зерттеушілік іс-әрекет дегеніміз – жаңалықты оқу үдерістерінде анықтауға, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, таным жүйесінің зерттеу әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы іздену іс-әрекет» - деген түсінік береді [11,б. 28].

1980-жылдардың соңына қарай болашақ маманды зерттеу мәдениеті, терең теориялық – әдіснамалық дайындығы қалыптасқан болу қажет деген көзқарас түпкілікті пайда болды. Л.Ю. Горбунова жоғарыда айтылған қажеттіліктерге зерттеу білімі мен дағдысы, дағдыларын меңгеру қажет деп толықтыра түсті [61]. Я.А. Пономарев зерттеу мәдениетін ғылыми шығармашылықтың баламасы деп санаған болса [62], ал М.И. Станкин оны ғылыми-педагогикалық қабілет ретінде қарастыруды ұсынған [63]. Осы тұрғыдан көрнекті отандық ғалым Ш.Т. Таубаева, мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың мазмұны, әдістемесі, тетігі мен кезеңдерін қамтитын тұжырымдарға сүйеніп, теориялық - әдіснамалық тұрғыдан қарастырады [55,б. 7-11].

1990 - жылдардың аяғы мен 2000 - жылдардың басында білім беруде негізінен назар құзыреттілік тәсіліне ауыса бастады, А.К. Маркованың жұмыстарында құзырет (тұлға шешуге қабілетті белгілі бір сала, сұрақтар шеңбері аясындағы мәселелер) және құзіреттілік (тұлғаның белгілі бір функцияларды орындау қабілеті мен білігінің қалыптасқан болуы) ұғымдары пайда болады [64]. Бұл ұғымдар арасындағы айырмашылықты анықтаймыз. «Құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдары әдетте көптеген зерттеулерде қатар жүреді.

Шетел сөздерінің сөздігінде «құзыретті – белгілі бір саланы білетін, хабардар; өзінің білімі немесе өкілеттері бойынша бір нәрсені жасауға немесе шешуге, оны талқылауға құқығы бар тұлға» деген анықтама береді [65]. Ал С.И. Ожеговтың орыс тілі сөздігінде келесідей анықтама беріледі: «құзыретті – қандай да бір салада беделді, білетін, хабардар тұлға» [66].

«Құзыреттілік» ұғымын талдауды біз лингвистикалық сөздікте берілген түсіндіруден бастадық. Сөздікте "құзыреттілік" ұғымы (лат. *competentia*, *compeo* - бірге қол жеткіземін, қол жеткіземін, сәйкес, таңдады) «білімді меңгеру, қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау», «хабардар болу, құқықтылық», «авторитарлық» ретінде түсіндіріледі [67].

Енді, ғалымдардың тұжырымдамасы мен лингвистикалық түсіндіру ұқсас келедіме, төменде осы мәселеге талдау жасаймыз. Шынында да, авторлардың көпшілігі құзыреттілік ұғымын лингвистикалық түсініктемен байланыстырады, мысалы, Дж.Равен «құзыреттілікті білім, білік және субъект үшін жеке маңызды көрінетін қабілеттер қызметі» деп көрсетеді [68].

И.А. Зимняя құзыреттілік деп интеграцияланған тұлғаның қасиеттерінің сипаттамасы «ЖОО түлегін дайындау нәтижесі белгілі бір салаларда (құзыреттерде) іс-әрекетті орындау» – деп түсіндіреді [69].

Ал отандық ғалым Б. Тұрғынбаева: «...жеке практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп түсіндіреді [70].

К. Құдайбергенова болса құзыреттілік ұғымына «...соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым» деген түсініктеме береді [71].

Сонымен, бір қатар зерттеуші – ғалымдар: П. Вейлл, М. Мескон, М. Альберт, Ф. Хедоури құзыреттілікті сыртқы ортаның тез өзгеріп отыратын талаптары жағдайында білім мен дағдыларды интеграциялау қабілетін және оны пайдалана білу шеберлігі, ретінде қарастыруды ұсынады. Құзыретті болу – бұл дәл осы жағдайда алған білімдері мен тәжірибесін дер кезінде қолдана алу қабілетін (іскерлігін) көрсете білу [72]. Яғни, «құзыреттілік» жоғарыда айтып өткендей, өз мамандығында біліктілігі мен бәсекелестікке қабілеттілігі.

Демек, ғылыми еңбектерге талдау жасау нәтижесі бойынша, құзыреттілік білім, білік және дағды ретінде түсіндіруді зерттеуші – ғалымдар жоққа шығармайды, алайда, аталған ұғымдар арасында айырмашылықтар бар екендігін де көрсетеді. Құзыреттіліктің білімнен айырмашылығы – ол ақпарат жинаумен шектелмейді, сол ақпаратты іздеу мен қолдана білу іс-әрекеті. Біліктіліктен айырмашылығы, құзырет әртүрлі міндеттерді және түрлі жағдайларда шешуде пайдаланылады. Дағдыдан айырмашылығы, құзыреттілік – автоматты түрде орындалған емес саналы іс-әрекет, яғни адамға күнделікті, типтік жағдайда ғана емес, қалыптасқан стандарттан бөлек жағдайда әрекет етуге мүмкіндік береді.

Зерттеуші – ғалымдар ұсынған анықтамаларды талдай отырып, құзыреттілік келесі бес негізгі құрамдас бөліктерден құралатындығына назар аудардық:

- 1) орындалатын міндеттер мен шешілетін мәселелердің мәнін терең түсіну;
- 2) осы саладағы жақсы тәжірибенің жетістіктерін белсенді меңгеру;
- 3) кез-келген жағдайға байланысты іс-әрекеттің құралдары мен тәсілдерін таңдау қабілеті;
- 4) қол жеткізілген нәтижелерге жауапкершілік сезімі;
- 5) өз қателіктерінен сабақ алу және мақсаттарға қол жеткізу үдерісінде қажетті түзетулер енгізе білу қабілеті.

Сонымен, құзырет дегеніміз – тұлғаның іс-әрекетін, білімін, белсенділігін, дербестігін және басқа да қасиеттер кешенін қамтитын іс-әрекетке дайындығын білдіретін, кәсіби тұрғыдан дамудың ең жоғарғы деңгейін меңгеру тәсілдері. Ал құзыреттілік – бұл алынған білімдер, білік, тәжірибе және басқада жеке қасиеттерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі деген қорытындыға келдік.

Біз зерттеу жұмысымыздың мазмұнында жоғарыда көрсетілген тұжырымдамамен келісеміз, себебі біз студентті дайындау барысында практикалық қызметті жүзеге асыру тәжірибесі туралы қарастырамыз.

Көпсалалы білім беру құрылымындағы зерттеушілік іс-әрекетті өз алдына дербес компонент ретінде қарастыру және оның кәсіби өсудегі маңызды әрекеттердің бірі ретінде сипатталуы педагогика ғылымында жаңа феномен – ғылыми – зерттеушілік құзыреттілік ұғымының пайда болуына негіздеме болды.

Ғалымдардың жұмыстарына талдау нәтижесінде, біз мынадай қорытындыға келдік: оқу-зерттеу және ғылыми – зерттеу жұмысының бір-бірінен айырмашылығы, ол студенттердің өздігінен зерттеу жүргізу мүмкіндігі және зерттеу нәтижесінің жаңашылдық дәрежесі. Ал зерттеушілік «оқу – зерттеу іс - әрекеті» және «ғылыми – зерттеу іс-әрекетінің» басты ортақ міндеті ол мәселені шешудегі мақсатты орындалатын іс-әрекет, зерттеулерде нәтижеге жетуде саналы зерттеуді жүзеге асыратын білім. Зерттеушілік құзыреттілікті педагогикалық үдерісте орындалатын көптеген іс-әрекеттердің кешенді жүйесі, кәсіби әрекеттің реттеуші факторы түрінде қарастырамыз.

Сонымен қорыта келе, *зерттеушілік құзыреттілігі* дегеніміз – студенттер тұлғасының интегралдық сапасы, жүйесін тұтас іске асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық үдерісті құру және ұйымдастыру іс-әрекеттері болашақ кәсіби қызметінің объектісі ретінде ғылыми таным әдістері деген түсініктеме береміз.

Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігі – оның қабылдаған білім, білік, дағдыларын, белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі қоғамға бейімдеуге дайындық деңгейі болып табылады. Бұл студенттің өз білімін ғылыми түрде жобалау арқылы одан әрі биологиялық пәндерді терең зерттеп меңгеру, жетілдіру біліктілігі дегенге келеді. Себебі қазіргі ақпараттық қоғамда студентке жеке пәндік білімдерді дәстүрлі әдістер кешені түрінде меңгерту жеткіліксіз.

Отандық және шетелдік зерттеуші – ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, біз нақты вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – әдістемелік тұрғысынан негіздеме беруге ұмтылыс жасадық.

Құзыреттілікті тәсіл аясында «құзыреттілік – оқушының меңгерген білімдеріне, оның оқу және өмірлік тәжірибесінде, танымдық іс - әрекетінің және оқу тәжірибесінің нәтижесінде өзі дамытқан құндылықтарына негізделіп, өз бетінше жүзеге асатын қабілет» ретінде қарастырылады. Демек, құзыреттілік нақты бір жағдайда байқалады, ол тұлға құзыреттілігін бағалау жүйесін жетілдіруде маңызды фактор болып саналады. Сонымен, кәсіби – тұлғалық құзыреттілік – ол еңбек субъектісінің (мұғалімнің) күнделікті іс-әрекеттің мақсат-міндеттерін орындауға кәсіби дайындығы мен қабілеттілігі [73].

Ә.М. Мұханбетжанованың еңбегінде, «білім беру саласында құзыреттіліктер прагматикалық сипатта болады және оның бағыттары: кәсіби тәжірибе барысында керектіні ала білу; өзінің алған білімінің өзара байланысын ұйымдастыра білу және оларды ретке келтіру; материалды зерделеудің өзіндік тәсілдерін жасау; білім алушылар алдында пайда болатын міндеттерді шеше білу іскерлігі, өз білімімен өз бетінше айналыса білу іскерлігі» деп көрсетілген [74].

Ал базалық құзыреттілік белгілі бір кәсіби әрекеттің ерекшелігін айқындайды. Кәсіби педагогикалық іс-әрекет үшін базалық болып есептелетін құзыреттілік ол, әр кезеңдегі қоғам талабына байланысты білім беру жүйесін қалыптастыру үшін қажетті кәсіби іс-әрекеттер.

Арнайы құзыреттілік нақты пәнді оқытудың кәсіби үдерісін бейнелейді. Ол оқыту үдерісін ұйымдастыруда туындаған проблемаларды шешу үшін нақты пәнді оқыту барысында қалыптасқан шеберлік, білікті тиімді пайдалана білу қабілеті [75].

Осы мәселеге байланысты, еліміздің әдіскер – ғалымы Н. Тормановтың «Биологияны оқытудың инновациялық әдістемелері» атты еңбегінде, «XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, биология саласындағы ашылған ғылыми жаңалықтардың нәтижесінде қоршаған орта мен әлеуметтік ортаның, оның ішінде адамзат баласының мәдени, рухани дамуының болашағы жайлы көзқарастар түбірінен өзгерді. Қазір де сондай сеніммен, батылдықпен болжап айтатын болсақ, биология саласында адамзат баласын жаңа ғылыми жаңалықтар күтіп тұр деуге болады. Осыған орай орта мектепте, жоғары оқу орындарында жастарға білім және тәрбие берумен қатар ғылыми – зерттеу жұмыстарын да дамыту керек деген мәселелер биолог – педагог мамандарды қатты толғандырады» деп көрсетеді [76].

Биолог маман – тірі организмдердің даму заңдылықтары, даму ерекшеліктері мен жалпы құрамын биокөптүрлілігін зерттеуші. Ол материал негізінде зерттеу жасап, сынақ жүргізе отырып, алынған нәтижелердің практикада қолдануы мүмкіндіктерін ұйымдастыратын тұлға [77].

Биологиялық білім – студенттердің биология ғылымының жүйесіндегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының жиынтығы. Биологиялық білім сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылыми және т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланыста әрі солар арқылы анықталады. Студенттердің тіршілік туралы білімдерін меңгеруі, олардың ойлауын, танымдық қызығушылығы мен еңбек іс-әрекетіне дайындығын қамтамасыз ететін білім, іс-әрекет тәсілдері, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, әлемге эмоциялы құнды қатынас жүйесі [78].

Биологиялық білімдер тіршілік туралы білім тобын қамтиды, олардың зерттеу объектілері клетка мен клеткадан пайда болған барлық ағзалар.

Биологияны оқыту әдістемесі - мектепте өтілетін пәндерді оқыту және тәрбиелеу үдерісі туралы ғылым [76,б. 4].

Биологияны оқыту әдістемесі бойыша «зерттеушілік жұмысы» ұғымын алғаш рет 1913 жылы пайдаланған әдіскер – биолог Б.Е. Райков болатын. Тифлис қаласында Ресейлік жаратылыстану ғылымдары зерттеушілері мен дәрігерлердің XIII съезінде «Жаратылыстану пәндерін оқытуды ұйымдастыру шарттары және зерттеу – тәжірибелік әдістері» тақырыбындағы баяндамасында «Жаратылыстануды оқытудың тиімділігі зерттеу – тәжірибелік әдістері негізінде ұйымдастырылса, яғни оқушылардың эксперимент және өзіндік зерттеу жұмыстарын сабақта – зертханалық, практикалық сабақтар, сабақтан тыс – топсеруен түрінде өткізгенде айқындалады» деп баяндаған болатын [79]. Яғни Б.Е. Райковтың пікіріне сәйкес жаратылыстануды оқыту зерттеушілік іс-әрекет арқылы ұйымдастырумен бірге, болашақ мұғалімді білім беру үдерісінде зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындау қажеттігі де туралы атап көрсеткен болатын.

Яғни, студенттердің зерттеушілік құзіреттілігіне басты назар аударылғандығын, оны жетілдіру үшін білім беруді дамыту тек бағдарламалар мен мазмұнға ғана емес, әдістеме мен оқу құралдарын құрастыруға да жаңа талаптар қоятындығын байқаймыз. Осыған байланысты белгілі ғалым В.И. Загвязинский: «Білім берудің осы бөлігі кез - келген мамандық бойынша оқитын студент үшін қажет, ал вариативті бөлігі болашақ маманды даярлаудың ғылыми бағытымен, оның өзіндік мазмұны және бейімділігімен сәйкестендіріліп, жүзеге асырылуы тиіс» [6,б. 23] деп көрсетеді. Осыған сәйкес, биолог студенттерді дайындауда биология циклі пәндерінің мазмұны бойынша зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру студенттер құзіреттілігінің жоғарлауын талап ететіні анық. Биологиялық пәндер бойынша студенттің меңгере алатын арнайы құзіреттіліктер құрамы ол келесі біліктердің болуы: биологиялық білімді меңгеру мақсатындағы тәжірибелерді орындай алудың бастапқы білігі, зерттеу нәтижесін өздігінен көпшілікке жариялай білудің басты әдістерінің қалыптасқандығы, зерттеу жұмысы кезінде практикалық біліктілігін пайдалана алудың негізі болуы. Нақты пән мазмұны кезінде керек болатын қосымша ғылыми – әдістемелік оқу құралдарымен жұмыс атқара білу білігі. Биологиялық

нысандарды зерттеуге, анықтауға қажетті құралдармен (микроскоп, бинокляр, үлкейткіш лупа, т.б.) жұмыс істей білуі. Тірі табиғат объектілерін зерттеудің жаңа әдістерін меңгеруі және оны теория мен практикада қолдана алуы. Осы талаптарға сәйкес, зерттеу жұмысымыздың мазмұнына байланысты келесі қарастыратын мәселеміз, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде анықталған материалдары туралы ақпаратты оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктеріне ғылыми – теориялық талдау жүргізу және әдістемелік ұсыныстар беру.

1.2 Вирустарды молекулалық - генетикалық зерттеу материалдарын оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктерін ғылыми-теориялық талдау

Зерттелетін үлгідегі геномдардың әртүрлілігін зерттеу құрылымдық элементтер мен биохимиялық процестер арасындағы байланысты көрсететін каталогталған гендердің функционалдығын талдаусыз толық болуы мүмкін емес (сурет 27). Бұл таксономия зерттелетін үлгідегі функционалды гендердің орналасуының нақты иерархиясын көрсетеді. Сонымен, көмірсулардың синтезіне жауап беретін жүйелер гендердің шамамен 14%, ДНҚ синтезі жүйелері шамамен 4%, мембраналық тасымалдауға жауапты гендер 3% – дан аспайды. Мұндай каталогизация жалпы үлгідегі зерттелетін экожүйенің күйін бағалауға және қазіргі немесе басқа жағдайда түзету бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді [166, 167].



Сурет 27 - Зерттелетін сынамадағы функционалдық гендерді талдау нәтижесі

Осылай молекулалық биологияның бір әдісін зерттеу нәтижелерін талдау нәтижесін қолдана отырып, биологияны зерттеудің жүйелік тәсілінің кем дегенде бес негізгі проблемасын, атап айтқанда өмір домендерінің, экологиялық жүйелердің, түрлердің эволюциясы мен қоректік тізбектер мен функционалдылықты нақты суреттеуге болады. Ғылымның жаңа әдістері ХХІ - ғасырда болашақ биолог мамандардың құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта нақты қоршаған ортаны зерттеудің жаңа, кейде таңғажайып әдістерін құратын нақты зерттеу әлемінде білім беру процесінің мамандарының қатысуы қажет. Ұсынылған жұмыста молекулалық биологияның тек бір әдісін зерттеу нәтижелерін талдау мысалында біз биологияны зерттеудің жүйелік тәсілінің бес негізгі проблемасын нақты суреттедік. Бұл студенттерге метагеномиканы сынамаларды секвенирлеу әдісімен алынған нуклеин қышқылдарының фрагменттерін ғана пайдалана отырып, қоршаған ортаны зерттеуге сарқылмас мүмкіндіктер тудыратын пән ретінде оқуға бірегей мүмкіндіктер жасайды.

Жоғарыдағы жүргізілген және басқа да зертханалық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықталған материалдар және жалпы теориялық, практикалық материалдарды негізінде, биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастыруды мақсатты түрде «Микробиология және биотехнология» пәндерінің мазмұнына ендірілді (Қосымша Г).

Аталған пәндер мазмұнында және аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастыру үдерісінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастырудың әдістемелік мүмкіндіктері туралы келесі бөлімде тоқталамыз.

2.2 Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі

Көптеген зерттеуші – әдіскерлер биологияны тек түсіндіру, әңгімелесу, талдау арқылы меңгерудің студенттердің ғылыми тұрғыдан білімді қабылдауына кедергі болатындығын өз еңбектерінде көрсетеді [167-171]. Мысалы, кез-келген тірі ағзаларды зерттеуде жаңа зерттеу әдістерін пайдалану негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігі дамуы тиіс. Сондықтан біз өз зерттеу жұмысымызды орындау барысында студенттердің мотивациялық дайындығын арттырып, зерттеушілік құзіреттілігін дамыту негізінде биолог студенттерді өзіндік көзқарасын дамытудың әдістемесін ұсыну қажеттілігін анықтадық. Яғни, біз қазіргі жаңа оқыту технологиясын негізге ала отырып, биологиялық пәндерді оқыту барысында тиімді әдістерге жүгіндік.

Жалпы тиімді әдістеме ұсынуда аталған ұғымға түсінік берсек, «Әдістеме – жеке пәнді меңгеру үдерісінде білім алушының білімі мен тәрбиесі және дамуы туралы педагогикалық ғылым» деген түсінікті Г.М.Чернобельская берген болса, ал В.М.Монахов «әдістеме - оқу үдерісін ұйымдастыруда білім алушыға ұсынатын нұсқаулар жиынтығы» деп түсініктеме берген [172,173]. «Оқыту әдістемесі – оқу жолындағы білімді игеруге, оның психикалық дамуына және жеке тұлға болып қалыптасуына, алдына қойған мақсатына жетуге бағытталған оқытушы мен оқушының арасындағы білім беруге және тәрбиелеуге бағытталған екі жақты үрдіс» – деген анықтаманы Отандық ғалым Н.Торманов берген [20,б. 36].

Жоғарыдағы және басқада еңбектерге талдау жасау негізінде, әдістеме – оқу үдерісінде пайдаланатын әдістер жиынтығын зерттеу саласы деген қорытынды айтуға мүмкіндік береді. Алайда бұл қазіргі кездегі білім беру саласындағы, биология ғылымындағы соңғы жетістіктерге сәйкес әлемдік, отандық тәжірибелерді қолдана отырып, білім беру әдістемесінің тиімділігін жетілдіріп отыру қажеттігі туындауда. Оны орындау үшін белгілі бір арнайы ұйымдастырылған оқу үдерісін орындауға қойылатын бірқатар әдістемелік мақсаттарының орындалуымен тікелей байланысты.

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру, құрылымдық – мазмұндық модел бойынша ұйымдастырылды. Бірінші кезеңінің мақсаты – зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға дайындау. Бұл кезеңде «Микробиология және биотехнология» пәнін өткізуде және оқу үдерісінде қосымша пайдалану үшін ұсынылған «Вирусология негіздері» атты оқу құралымен танысудан басталды [101,б. 5-50].

Зерттеу барысындағы тәжірибелік - эксперименталды төмендегідей жұмыстар орындалды:

1. болашақ биолог маманның зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру мәселелеріне талдау жасау;
2. биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігінің деңгейін анықтау;

3. биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін дамыту бағыттарын анықтау;

4. биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру нәтижесінде орындалуы мүмкін қарама-қайшылықты шешуге бағытталған кәсіби іс-әрекеттерге болжам жасау;

5. биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру үдерісінде анықталған кемшіліктерді талдау, қатемен жұмыс;

6. биолог студенттердің келешек кәсібіне қажетті зерттеушілік құзіреттілігін дамыту жолдарын жоспарлау;

7. адам денсаулығына зиян келтіруі мен мал және ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін жаңа қауіпті микроорганизмдер мен вирустарды анықтау және биоинформатикалық талдау негізінде биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау көрсеткіштерін анықтау.

Аталған жұмыстарды орындау үдерісінде биолог студенттерде мақсатты анықтай білу, оларға жетудің тиімді жолдарын таңдауға, өздерінің мықты және әлсіз тұстарына талдай жасай білуге, өздерін зерттеуші маман ретінде дамыта түсу перспективаларын көре білу, көздеген мақсаттарын жүзеге асыру жолында туындаған проблемаларға рефлексия жасай білуді меңгереді [174].

Екінші кезең – әдістемені жүзеге асыру. Зерттеушілік құзіреттілігін тікелей меңгеру үдерісі. Тәжірибелік – эксперимент жұмыстарының аралық нәтижелеріне талдау жасау адам денсаулығына зиян келтіруі және мал мен ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін жаңа қауіпті микроорганизмдер мен вирустарды анықтау және биоинформатикалық талдау негізінде, әдістемелік тұрғыдан тиімді жүзеге асуы келесі факторлармен сипатталады:

- өзінде болашақ кәсіби іс-әрекетіне қажетті нәтижелі зерттеушілік біліктерінің бар екендігіне сенімнің болуы;

- вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде орындалатын зерттеу жұмыстарына белсенді қатысу;

- жаңаны меңгеру мақсатында жаңа мақсаттар мен құндылықтарды айқындауға мүмкіндік жасау үшін, өздерін кәсіби жетілдіруге ұмтылу;

- өздігінен білім алу мүмкіндігі;

- жаңалыққа деген ұмтылыс.

Үшінші кезең – адам денсаулығына зиян келтіруі және мал мен ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін жаңа қауіпті микроорганизмдер мен вирустарды анықтау және биоинформатикалық талдау негізінде, ұсынылған әдістемеге коррекция жасау кезеңі. Бұл кезеңде студенттер өз іс-әрекеттерін бағалау арқылы талдау негізінде түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін кезең. Бұл кезеңде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігінің даму траекториясын бағалауға келесі сұрақтарға жауап іздеу мүмкіндік берді:

- менің даму мүмкіндіктерім қандай (зерттеушілік құзіреттіліктің қалыптасу деңгейі)?

- мен қазір қандай іс-әрекет жасай аламын?

- мен нені үйренгім келеді және ол үшін маған қандай білім мен білік жеткіліксіз?

- менің жетістіктерім қандай?

Аталған тұжырымдаманы жүзеге асыру нәтижесінде биолог студенттердің болашақ кәсібінде зерттеушілік құзіреттіліктің қалыптасуының маңыздылығын анықтауға мүмкіндік берді. Адам денсаулығына зиян келтіруі және мал мен ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін жаңа қауіпті микроорганизмдер мен вирустарды анықтау және биоинформатикалық талдау негізінде, әдістемелік тапсырмаларды орындау барысында студенттер «Мен-бүгінгі студент» деңгейінен «Мен-болашақ маман» көрсеткішіне өтуін сипаттай алды.

Биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру тиімділігін жоғарлату үшін, жоғарыда аталған вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде, әдістемелік іс-әрекеттерді мақсатты түрде ұйымдастыра отырып, әр кезеңде сапалық көрсеткіштерге қол жеткізу мүмкін болды.

Себебі, педагогикалық тәжірибелік-эксперименттің әр кезеңдерінде диагностикалық талдау жасап, қажеттілігіне байланысты толықтырулар мен түзетулер енгіздік.

Тәжірибелік – эксперимент жұмысында алдымен биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруда қолданылатын тиімді әдістерін айқындаудан бастадық.

Оқыту әдісі – студент және оқытушының жоспарланған мақсатқа жету үшін екі жақты іс-әрекеттері.

Зерттеу жұмысымыздың мазмұнында И.Я. Лернер мен М.Н. Скаткин ұсынған түсіндірмелі – көрнекілік; репродуктивтік; проблемалық – баяндау; ішінара ізденіс; зерттеу әдістерімен қатар, шығармашылықты дамытуға бағытталған оқытудың белсенді әдістерінде қолдандық [175].

«Белсенді оқыту» ұғымына түсініктеме берсек, А.А. Вербицкий «оқу үдерісін нақты алгоритмге яғни үлгіге, жоспарға сәйкес ұйымдастырушы формадан және әдістерден таным ынтасын дамытуға, білім алу үдерісінде шығармашылық қабілеттерін көрсетуде проблемалық, дамытушы, зерттеушілік іс-әрекетке ауысуымен сипатталады» – деп түсіндіреді [176]. Бұл әдістерді «Микробиология және биотехнология» пәнінің мазмұнын оқытуда және аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастыру тәжірибесінде қолдандық.

Қазіргі білім беру үдерісінде белсенді оқыту әдісін мақсатына байланысты төмендегідей кезеңдерге жіктеп алдық:

1) *нұсқау беру және айту кезеңіне* – студенттерге оқу мақсаттарымен таныстырып, олардың өз кезегінде не істеу керектігін түсінетініне ерекше назар

аударуы қажет. Мысалы, адам денсаулығына зиян келтіруі мен мал және ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін жаңа вирустарды анықтау қалай орындауға болады, зерттеулер жүргізу арқылы нақты нәтиже алу, жұмысты қалай баяндау мақсаты қойылды;

2) *көрсету және модельдеу кезеңіне* – зерттеу жұмысын орындау жолдарын ұсыну, мысалы, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру жұмыстарын орындау жолдарын және зерттеу әдістерін құру мақсаты қойылды;

3) *түсіндіру және сипаттау кезеңіне* – бұған дейінгі меңгерген білімді негізге ала отырып, зерттеу жұмысына жүйеленген түсініктеме беру: мысалы, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру әдістерін баяндау және бұл нәтижеден осындай нәтиже шығатынын түсіндіріп, қолданылған әдістердің орындау жүйесінің мәнін сипаттау, жалпылама пайымдау үшін қолданылатын мысалдарды келтіре отырып, зерттеу жұмыстарын орындау жолдарын талдау мақсаты қойылды;

4) *зерделеу және зерттеу кезеңіне* – зерттеу проблемасын анықтау; молекулярлық-генетикалық зерттеу үшін қоршаған ортадан сынама алуға негізделген зерттеу жүргізуге бағыттау; басқа да мысалдар іздеп, салыстырғанда ерекше жағдайларды айқындауды сұрау; студенттерді проблема мен оның шешімін ұсынудың графикалық немесе сызбалық нұсқадағы балама тәсілдерін қарастыруға, проблемаға басқаша тұрғыдан қарау үшін бір түрінен екіншісіне көшуге ынталандыру мақсаты қойылды;

5) *бекіту және қолданысқа енгізу кезеңіне* – жаңадан меңгерілген дағдыларды тәжірибеде қолдану және дамыту үшін аудиторияда және аудиториядан тыс түрлі тапсырмалардың көмегімен әр-түрлі мүмкіндік ұсыну; студенттердің зерттеу үдерісі барысында әріптесімен жұпта немесе топта бірлесе ойлануы немесе талқылау арқылы оларды өз идеялары мен пайымдауларының ауқымын кеңейтуге немесе өз жұмыстарының жазбасын жүргізу әдістері мен тәсілдерін салыстыруға және жетілдіруге ынталандыру; оларды болашақ мамандығында зерттеушілік құзіреттілігін тиімді қолдануға ынталандыру мақсаты қойылды;

б) *рефлексия және бағамдау кезеңіне* – студенттердің зерттеу нәтижелерін талдау жасау, өздерін және өзара бағалау, бұны оқытудың жағымды қыры ретінде қолдану; меңгерген біліктерін түсіндіру үшін пікірталас жүргізу; оқушылардың топқа таныстырылымын бағамдау; кері байланыс ұсыну мақсаты қойылды;

7) *қорытынды шығару және есте сақтау кезеңіне* – зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша қорытындысын шығару және студенттердің меңгерген құзіретін түйіндеу; студенттердің түсінгенін анықтау және қате түсінген болса түзету; студенттердің өз жұмыстарымен таныстырып, оның негізгі тармақтары мен идеяларын ұсынуға шақыру мақсаты қойылды;

Бізде өз зерттеу жұмысымызда жоғарыда аталған әдістермен бірге, биолог студенттердің мақсатты түрде зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруда оқу үдерісінде жиі қолданылатын: биологиялық ғылыми зерттеуді оқу үдерісінде жобалау әдісі, жобалық жұмыстар, табиғи сипаттаушы және жеке зертханалық зерттеу жұмысы әдістерін қолдандық.

Жобалау әдісі – вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде оқу үдерісіндегі жобалау әдісі нақты жоспары, орындалу жолдары мен күтілетін анықталған қорытындысы белгілі бір нәтижеге жетуге жоспарланған шығармашылық іс-әрекет.

Бұл әдіс бойынша зерттеуші – ғалым Е.С. Полат «Жобалау әдісі – анықталған мақсат, міндетке жету үшін жоспарлы кезеңдер бойынша орындалатын әдістер мен білім алушылар іс-әрекетінің жиынтығы. Демек, талап бойынша рәсімделген нәтижелік өнім түрінде зерттеген студент үшін жаңа проблеманың анықталған нәтижесі» деген түсінігін негізге алдық [177].

Өз зерттеуінде Е.С. Полат жобалардың алуан түрлілігін төмендегідей жіктеген:

- ғылыми-зерттеу жобасы – студенттер нақты сұраққа жауап беру үшін бастапқы материалды пайдаланады (көбінесе қосалқы зерттеумен бірге). мұндай жобалар көбінесе жақсы құрылымдалған болып келеді;

- ақпараттық жоба – оқушылар нақты тақырып бойынша қолжетімді ақпаратты жинайды және талдайды. Олар бұл ақпаратты жинақтайды және қорытындылайды, сол қорытындыны басқаларды ақпараттандыру үшін пайдалануға болады;

- ғылыми-шығармашылық жоба – студенттерге креативті тапсырмаға (мысалы, газетке мақала жазу, сценарий жазу, бейне клип жасау) арналған түйіндеме беріледі. Студенттер берілген тапсырманы аяқтау тәсілін өздері таңдай алады.

- рөлдік ойын жобасы – студенттерге рөлдер беріледі (мысалы, зерттеуші ғалымның немесе басқа да ойдан шығарылған кейіпкердің рөлі). Студенттер өз жобасын аяқтай алады, көбінесе топ болып, әрқайсысы өз рөлдерін орындайды.

- тәжірибеге бағдарланған жоба – жобаның көзделіп отырған нәтижесі студенттердің жеке қызығушылығын және қоғамдық маңызын білдіреді [146,б. 75].

Аталған және басқада жұмыстарды негізге ала отырып, біз биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында қоршаған орта үлгілерін метагеномдық зерттеу үшін гендік қорды алудың тиімді жолдарын оқыту барысында жобалау әдісін кеңінен қолдандық. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру жобалық жұмыстар арқылы зерттеу мынадай кезеңдерден тұрды:

- 1) зерттеу тақырыбын таңдау;
- 2) зерттеу проблемасын айқындау;
- 3) ғылыми ақпараттарды ұсыну;

- 4) зерттеу әдістерін таңдау;
- 5) зерттеу жұмыстарын орындау;
- 6) зерттеу нәтижелерін қорытындылау;
- 7) жобалық жұмысты рәсімдеу;
- 8) зерттеу нәтижелері бойынша презентация дайындау және көпшілік алдында есеп беру.

Көрсетілген кезеңдер бойынша жобалау әдісін кеңінен қолдана отырып, студенттерді зерттеу жұмыстарына қатыстыру мақсатын жүзеге асырдық. Жобалық оқыту кезеңдеріне талдау жасау нәтижесінде зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес биолог студенттердің оқу үдерісін ұйымдастыруда Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде зерттеу жүргіздік.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін студенттер «Адам денсаулығына зиян келтіретін және мал мен ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелетін жаңа қауіпті вирустарды анықтау» тақырыбы бойынша жеке және топтық жобалық жұмыстар орындады.

Жоба тақырыптары ғылыми практикалық маңызды, мемлекетке экономикалық тиімді және әлеуметтік – экологиялық жобалар биолог студенттердің, магистранттардың, докторанттардың зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру мотивациясын арттырды, нәтижесінде студенттердің университеттік, қалалық, республикалық жобаларға қатысу белсенділігі артты.

Абай атындағы ҚазҰПУ гранты бойынша 2020 - 2021 жылдарда «Метагеномика әдісін пайдаланып жаңа қауіпті микроорганизмдер мен вирустарды анықтау және молекулалық-генетикалық сипаттау» тақырыбында микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығының ғалымдары мен кафедра білім алушылары жобалық жұмыс орындап, ғылыми – практикалық маңызды нәтижелер алынды. Сонымен қатар, осы зерттеулер нәтижесінде кафедра докторанттары мен магистранттары ерекше көзге түсіп, нәтижесінде микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығына ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа қабылданды.

Зерттеу жұмысымыздың мазмұнында кеңінен қолданылған әдіс – *табиғи сипаттаушы әдіс* арнайы әдістемелерді қолдану арқылы, зерттеу нысанының тіршілік құбылыстарының ерекшеліктеріне бақылау жүргізу және алынған нәтижелерді тіркеп отырумен сипатталатын шығармашылық жұмыстар. Біз «Микробиология және биотехнология» пәнінің мазмұнында төмендегідей табиғи сипаттаушы әдісті қолдануды қажет ететін тапсырмалар бердік:

- молекулярлық-генетикалық зерттеу үшін қоршаған ортадан сынама алу жаңа әдістерді анықтау;
- қоршаған орта үлгілерін метагеномдық зерттеу үшін гендік қорды алу әдістерінің ерекшеліктерін салыстырмалы талдау жасау;
- адам денсаулығына зиян келтіретін және мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелетін жаңа қауіпті вирустарды

анықтау үшін алынған мәліметтер базасын жаппай параллель секвенирлеу және биоинформатикалық зерттеу нәтижесін оқу үдерісіне ендіру мүмкіндіктерін ұсыну.

Осы зерттеу тапсырмаларын студенттер зерттеу жұмыстарын сабақ онлайн жүргізілуіне байланысты, биолог студенттерге «Микробиология» пәні мазмұнында «Микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығының» вирусқа қарсы қорғаныс зертханасының базасында онлайн және офлайн саяхат барысында орындау нәтижесінде жүргізеді.

«Микробиология» пәнін бойынша семинар сабақтарды өткізуде жабық зертхана – indoor labs және ашық зертхана немесе дала зертханасы – field labs оқыту әдістерін де пайдаландық [78,б. 118].

Жабық зертхана (indoor labs) әдісі – бірнеше сағат бойы студенттер зертханада топтық практикалық зерттеу жұмыстарын орындайды. Жабық зертханада зерттелетін нысан мен құбылыстарды сипаттап қана қоймай, олармен тікелей жұмыс жасайды. Жабық зертханада интербелсенді тақталар, компьютер қолданылып, топтық жұмыстар орындалды.

Ашық зертхана немесе дала зертханасы (field labs) әдісі – аталған әдістің басты мақсаты: студенттердің меңгерген теориялық оқу материалдарын практикамен толықтыру, бекіту және вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру нәтижелерін талдау жасау мысалында зерттеу жұмыстарын жүргізу. Зерттеу тапсырмасы дала зертханасы ретінде тиімді ұйымдастырылғанда студенттерге нақты нысандар мен құбылыстарды оқып, зерттеп үйренуге, түсініктерін тереңдетіп, білімдерін арттыруға мүмкіндік туындатады. Дала зертханасы әдісін түрінде өткізілген сабақ барысында студенттер меңгеретін біліктер түрі: бақылау жасау, сипаттау жүргізу, жүйелеу, талдау, анықтау, қорытынды бойынша ақпараттарын енгізу, оларды өңдеу, нәтиже шығару және көпшілік алдында қорғау.

Осы және басқада әдістерді қолдана отырып, оқу үдерісін ұйымдастыруда, зерттеу жұмыстарының қорытынды есебін дайындау мынадай есеп түрлеріне ұсыныстар жасалды: web-сайт; үш тілдегі анықтамалық нұсқаулық; бизнес-жоспар; адам денсаулығына зиян келтіретін және мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелетін жаңа қауіпті вирустарды анықтау үшін алынған мәліметтер базасын жаппай параллель секвенирлеу және биоинформатикалық талдау нәтижелері туралы видеофильм, мультимедиялық шығарма, электронды журнал, заңнамалық жоба үлгісі, дизайн - макет, ұсыныс – әлеуметтік жобалар, ғылыми-зерттеу мақалалары, сөздік, зертханалық талдау жұмыстарының нәтижелері, виртуалды зертхана жобалары және т.б. <https://www.kaznpu.kz/ru/2213/page/11582/news/>

Зерттеу жұмыстарының нәтижесін осы ұсыныстар бойынша рәсімдеу биолог студенттерден креативтілікті талап етіп, мотивацияларын туындатады және олар жеке шығармашылық ізденістері нәтижесінде рәсімдеудің жаңа жобаларын ұсынды. Біз жүргізген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс биолог

студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруда оқыту үдерісінде жоғарыда ұсынылған барлық әдістер мен әдістер жиынтығын кіріктіре отырып пайдалану тиімді болатындығын дәлелдеді.

Сондықтан, мақсатты түрде жоспарланған зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру кезеңдерін біз белгілі әдіскер ғалым В.П. Беспалько ұсынған білімді меңгеру деңгейлері мен аталған деңгейлер бойынша әрекеттердің түрлі негіздемелерін ұстана отырып, жүйелеу жасадық [178] және биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру кезеңдерін былайша жіктедік: дайындық; білу; түсіну; орындау. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастырудың құрылымдық – мазмұндық моделіне сәйкес әр кезеңнің мақсаттары, мазмұны мен нәтижелері белгіленді.

Биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру үдерісінде келесі жағдайларды ескеру қажет болды:

- зерттеу тапсырмаларының студенттерге мақсатты – мотивациялық болуы;
- биолог студенттердің оқу объектісінен оқу субъектісіне ауысуға арналған, зерттеу жұмысын нақты түсіну және оны нәтижелі жасауға ынталануы;
- студенттерге өзінің білімін, білігін, құзіреттілігін қолдануы мен жеке пікірін жеткізуге жағдай жасау;
- студенттердің зерттеу жұмысын жасаудың жолдарын өз бетімен іздестіру, нәтижелерін өздігінен бағалай білу білігін дамыту;
- зерттеу жұмысының қорытындысын бағалауда қойылатын талаптарын студенттерге ескерту.

Біз зерттеу жұмысымыздың мазмұнында ұсынған құрылымдық – мазмұндық моделге байланысты, зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру үдерісі аудиториялық және аудиториядан тыс оқыту ұйымдастырылды. Оқыту жеке, жұптық, топтық формалар түрінде зерттеулер жүргізілді.

Сонымен, зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру жұмыстары мазмұнында білім, білік, дағды биолог студенттердің оқу үдерісін ұйымдастыру негізі болып табылады және тұлғаның дамуы маңызды орын алады. Сол себепті, дәріс, практикалық, СӨЖ сабақтарында студенттердің зерттеу жұмыстарына бағыттар беру үшін, біз зерттеу жұмысымызда тәжірибелік – эксперимент кезеңінде жүргізілген сабақ түрлеріне әдістемелік нұсқау ұсына отырып, талдау жасаймыз. Дәріс сабақтарының келесідей түрлерін: ғылыми зерттеуге бағытталған, демонстрациялық, интеграциялық, проблемалық дәрістер түрінде өткізуді жоспарлау тиімді болатындығын анықтадық.

Ғылыми зерттеуге бағытталған дәріс – нақты бір ғылым шеңберінде, оның мазмұндық-құрылымын зерттеуге негізделетін дәріс түрі. Мұндай дәріс түрі оқытушыдан терең білім мен шеберлікті қажет етеді, білім алушының да дайындығының тиянақтылығын талап етеді. Аталған дәрісті өткізу нәтижесінде, зерттеушілік жұмысының жоғары деңгейі болып саналатын ғылыми

ізденімпаздықпен айналысуға бағдар береді. Ғылыми зерттеуге бағытталған дәріс сабағында: биолог студенттердің ғылыми түсінігін арттыруға, зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруға, пәннің мазмұнын терең түсінуге әсері болатындығы анықталды.

Демонстрациялық дәріс – мұндай дәрісті ұйымдастыруда көрнекі материалдарды пайдалана отырып, білім берудің техникалық құралдарын (тақырыпқа байланысты видеороликтер, фото суреттер, слайдтар, сызбанұсқалар, кесте, модел, виртуалдық экскурсия) қолдану арқылы дәріс тақырыбының мазмұнын түсіндіреді. Мұндай дәрістің кезінде көрнекі материалдарды пайдалану негізінде, биолог студенттердің дәріс тақырыбын түсінуге деген қызығушылығын арттырып, пәнді терең оқуға мотивациясын туындатайды.

Интеграциялық дәріс – пәндердің мазмұны вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру жұмыстары нәтижесінде анықталған ақпараттарды меңгеру, талдау өзара байланысып, ортақ тұтастық ұстанымын, жалпы заңдылықтарын анықтап, ғылыми-теориялық қорытынды жасауға дағдыландыруға бағытталған. «Микробиология» және «Микробиология және биотехнология» пәндерінің мазмұндық бірлігі және сабақтастығымен бірге, жеке мәселелерді анықтауға интеграциялық түрде орындалды.

Проблемалық дәріс – дәріс тақырыбын түсіндіру барысында проблемалық сұрақты немесе проблемалық тапсырманы дәстүрлі және жаңашыл көзқарастарды қолдану арқылы талдаулар жасап, анықтау негізінде ұйымдастырылады. Студентке талдауға қажетті проблеманың қарама-қайшылықтарын нұсқап отыру қажет. Себебі, кез-келген оқу міндеттерін шешу қарама-қайшылықты болып келеді, оны шешуге деген ұмтылыс қызығушылық туындатады, белгілі бір іс-әрекетке итермелейді, белсенділікке және ол оқу үдерісінің қозғаушы күші болатыны анық. Сондықтан проблемалық дәріс оқытушы нұсқаулығымен және студенттің өздігінен ізденуі негізінде зерттеушілік құзіреттіліктің қалыптасуына әсер етеді. Аталған дәрістер барысында студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру үшін мынадай әдістер қолданылды:

- ұсынылған зерттеу проблемасының мазмұнына байланысты оның шығу тарихы туралы маңызды мәліметтермен қызықты деректер ұсыну;

- осы кезеңге дейінгі шешімі анықталмаған проблема бойынша түрлі көзқарастарды студенттерге түсіндіре отырып, оларды мотивациясын арттыру;

- оқытушының өзіндік пікірін жеткізіп, оны дәлелдеу, ол туралы студенттер пікірлерін білу және олардың жеке көзқарастарын білдіруіне мүмкіндік беру, тақырып мазмұнына қажетті қосымша әдебиеттерді ұсыну;

- студенттерге осы бағытта зерттеу тапсырмаларын орындауға, жоспарлау, бақылау, тәжірибе жүргізуге, қорытынды шығарып оны көпшілік алдында ашық қорғауға жағдай жасау.

Осы талдау жасалған белсенді әдістерді қолданып, тақырып мазмұнын студенттер өздері зерттеу арқылы анықтап, талдау жасап, меңгеруге бағытталған проблемалық дәріс формасындағы «Микробиология» пәні мазмұнан бір сабақтан мысал ретінде ұсынамыз:

Сабақ тақырыбы: Вирусологиядағы зерттеу әдістерінің теориялық негіздері.

Сабақтың мақсаты: вирустардың зерттелу тарихы, іргелі ашылулар және зерттеген ғалымдар еңбектері туралы білімдерін жетілдіру. Вирусологиядағы зерттеу әдістерінің зерттелу тарихы және қазіргі даму механизмдері туралы ақпаратты меңгеру, салыстырмалы талдау. Студенттердің сабақ барысында оқу материалын проблемалық түрде баяндап, оқу-зерттеу жұмыстарындағы ізденушілік құзіреттіліктерін дамытуға бағыттау және дәріс материалдарын өмірмен байланыстыруға үйрету.

Сабақ формасы: проблемалық дәріс сабағы

Сабақ әдісі: зерттеу, тренинг әдістері қолданылды.

Сабақ барысы

Жоспары:

- 1) вирустардың зерттелу тарихы бойынша шолу;
- 2) вирусология ғылымын зерттеген ғалымдар еңбектеріне талдау;
- 3) вирусологиядағы қазіргі зерттеу әдістерін анықтау.

Сабақтың міндеттеріне сәйкес шартты түрде дәріс барысын екі блокқа бөліп қарастырдық

Бірінші – кіріспе блогының міндеті – студенттердің вирустардың ғылыми зерттелу тарихы және оны зерттеуге үлес қосқан шетелдік және отандық ғалымдар туралы білімді меңгеруге белсенділігін арттыру. Бұл кезеңде «Вирустардың зерттелу тарихы және заманауи көзқарастары» сұрағы бойынша жауап ізделіп, нақтыланды.

Екінші – проблеманы анықтау блогының міндеті – студенттерді вирусология ғылымының зерттелу тарихы туралы білімді меңгеруге бағытталған қысқаша саяхат дәріс сабағы жоспарланды. Осы кезең барысында студенттер өзіндік тапсырмасы ретінде тақырыпқа сәйкес жеке зерттеу жүргізіп, нәтижесінде дайындаған хабарламаларға талдаулар жүргізілді.

Студенттер осы хабарламаны талдау кезінде пікірталас форматында «Вирусологиядағы қазіргі зерттеу әдістерінің адам өміріндегі маңызы» проблемалық сұраққа жауап іздеу негізінде зерттеушілік құзіреттілік қалыптастырылады. Бұл зерттеу тапсырмалар студенттердің жеке зерттеулері негізінде орындалады, бірақ зерттеу нәтижесіне талдау мен түзетулер енгізу олардың жұп-жұбымен бірігіп орындалады.

Үшінші – білімді топтық іздестіру блогы – вирустарды немесе олардың антигендерін патологиялық материалдардан тікелей анықтау әдістері, оның ішінде молекулярлық-генетикалық диагностика әдістерінің ерекшеліктеріне талдаулар жүргізу. Сабақ барысында зерттеу әдістерін және тақырып мазмұнын

ашу үшін осы бөлімнің тапсырмаларын топ құрып жұмыс жасауға, бір-бірінің пікірін тыңдай білуге, оны талдау жасауға үйретеді, сонымен бірге бірігіп жұмыс орындау формасын меңгеруге тренинг әдісі пайдаланылды. Меңгеруі қажет білімді іздеуде және талдауда студенттер қосымша ғылыми еңбектерді пайдалану (теориялық шолу, сілтеме жасау, талдау, конспектілеу, т.б.) біліктерін дамытады. Сабақтың осы кезеңінде жаңа тақырып бойынша меңгеруі қажет негізгі түсініктерді (толық өну, яғни өскін шығаруы, түптену, сабақ шығару, масақтануы және т.б.) анықтауға арналған топтық тапсырмаларды анықтау іс-әрекеттері ұйымдастырылды. Тақырыпқа сәйкес сұрақтарға жауап іздеу мақсатында студенттер пікір алмасу кезеңіне өтеді:

Төртінші – білімді қорыту және жүйелеу блогы – бұл кезеңде зерттеу тапсырмаларының нәтижелерін жүйелеу міндеті қойылады. Түсіндірмелі-көрнекілік әдісін қолдана отырып, «теорияны құрастыру» тәсілі арқылы оқытушы мазмұндық идеяның ғылыми теориялық ақпаратқа ауысу жолын көрсетеді. Ал студенттер өз кезегінде, аталған мәліметтерді пайдалана отырып, тақырыптың байланысын жүйелеу және нақты дәлелдемелерді анықтау. Зерттеу тапсырмаларын жүргізу нәтижесінде анықталған мәліметтерді жалпылау төмендегідей ретпен орындалады:

-«Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру әдістерінің тиімді механизмдері қандай?» проблемалық сұрағын анықтау;

- ғылыми болжамын нақтылау;

- вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау ерекшеліктеріне нақты зерттеулер арқылы көз жеткізіп, түсіндіру.


Бесінші – меңгерген білімді қорытындылау блогы – студенттер зерттеу жұмыстарын орындау арқылы әр блок барысында меңгерген білімдері мен біліктеріне талдау және «Темекі мозаикалық вирусы *Nicotianavirus I* морфологиялық құрылысы» моделін ұсыну негізінде қорытындылады.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде «Микробиология» пәнінің дәріс сабағы – студенттерді білім мен ғылым саласындағы жаңа бағыттар туралы түсініктерден хабардар ету мақсатында жаңа білім беру бағдарламаларын насихаттау, тың ақпараттар беру, заман талабына сай тәжірибені жеткізу мақсатында қолданылатын оқыту әдістерінің бірі. Осы тұста біздің басты мақсатымыз, дәріс сабағында биолог студенттерге дайын материалды меңгертпей, оларға жаңа ақпаратты өздігінен іздеу арқылы меңгеруге мүмкіндік бердік. Жоспар бойынша ұйымдастырылған студенттердің өздерін ойландыруды мақсат еткен әрбір дәрістерде оқытудың белсенді әдістерін қолдану негізінде өткізу зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыруда тиімді екеніне анықтадық. Мұндай әдістемелік негізде ұйымдастырылған дәріс студенттердің биологиялық білімін тереңдетіп, шығармашылық деңгейін жоғарылатып, креативтілігін арттыра түсті. Біз ұсынған әдістемеге сәйкес ұйымдастырылған дәріс сабақтары барысында биолог студенттердің теориялық

материалдарды игерумен қатар, өз бетінше ізденістерін арттырып шығармашылық жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсатына сәйкес, «Нуклеин қышқылын бөліп алу әдісі» тақырыбында онлайн өткізілген зертханалық зерттеу сабағының үлгісін ұсынсақ. Аталған сабақ YouTube -ке зертханаға виртуалды саяхат түрінде түсіріліп, жүктелген (сурет 28).

https://www.youtube.com/watch?v=R-_3UUgHsNc.



Сурет 28 – «Нуклеин қышқылы бөліп алу әдісі» тақырыбындағы YouTube – тегі сабақ

Сабақтың тақырыбы: Нуклеин қышқылы бөліп алу әдісі.

Сабақтың мақсаты:

- нуклеин қышқылы бөліп алу әдістерін меңгеру.
- қоршаған ортаның әртүрлі объектілерінен сынама алу практикалық маңызы туралы білім ала отырып, денсаулыққа және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
- биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру;
- зерттеу нәтижелерін практикада қолдана білу дағдыларын дамыту.

Сабақтың формасы: зертханалық сабақ.

Сабақтың әдісі: жабық зертхана (indoor labs).

Қоршаған ортаның әртүрлі объектілерінен сынама алу

Сынама алу үшін вирустарға белсенді әсер етпейтін материалдардан жасалған, осы мақсаттарға арнайы арналған бір рет қолданылатын ыдыс немесе бірнеше рет қолданылатын стерильді ыдыстар пайдаланылады. Ыдыстар тығыз жабылатын тығындармен (силикон, резеңке немесе басқа материалдардан жасалған) және қорғаныш қалпақшамен (алюминий фольгадан, тығыз қағаздан жасалған) жабдықталуы тиіс. Ыдысты іріктеу алдында ғана ашады, тығынды стерильді қақпақпен бірге алып тастайды. Іріктеу кезінде тығын мен контейнердің шеттері ештеңеге қол тигізбеуі керек. Ыдысты шаюға жол берілмейді. Толтырғаннан кейін контейнер стерильді тығынмен және қақпақпен жабылады.

Іріктелген сынаманы таңбалайды және іріктеу орны.

Күні, уақыты және басқа да қажетті ақпараттар көрсетіле отырып, сынамаларды іріктеу актісімен бірге жүреді

Қымыз сақтайтын ыдыстардан қымыз сынамаларын алу алдында (ванна, танк) қатты көбіктендірмей және жиек арқылы төгілуіне жол бермей толық біртектілігіне қол жеткізу үшін қымыз механикалық жолмен 3-4 мин бойы араластырылады. Қымыз сынамаларын құтылардан іріктеу алдында оны 18-10 рет жоғары және төмен жылжыта отырып, бұлғаумен араластырады. Тұтқаның ұзындығы тұтқаның түбіне батырылған кезде тұтқаның бір бөлігі жүктелмейтіндей болуы керек.

Қымызды араластырғаннан кейін сынамаларды металл түтікпен іріктейді, оны құтының түбіне дейін сүт түтікке батырумен бір мезгілде түсетіндей жылдамдықпен батырады. Сүт сынамаларын әрбір бақыланатын орыннан зерттелетін сүтпен шайылған таза ыдысқа ауыстырады және араластырғаннан кейін көлемі 1000-2000 см³ орташа үлгіні бөліп алады.

Сынамаларды зерттеуге сынамаларды зертханаға жеткізгеннен кейін бірден кірісу қажет.

Ол үшін қымызға сынаманың 10% көлемінде стерильді тазартылған су қосылады және 8-10 сағатқа тоңазытқышқа салынады. Қымызды стратификациялағаннан кейін ақуыз және май фракциясын кетіру үшін оны 5000 айн/мин центрифугалайды. Су үлгілері шоғырландырылады.

Қоршаған орта объектілерінен вирустарды шоғырландыру әдістері.

Бұл бөлімде микробиоманы сапалы немесе сандық бағалауға арналған қоршаған орта үлгілерінен вирустарды шоғырландырудың заманауи әдістері келтірілген.

Ультрацентрифугалау әдісімен вирусты шоғырландыру.

Суспензияны алу үшін зерттелетін су үлгісі "қызыл таспа" қағаз сүзгісі арқылы сүзіледі, содан кейін нитроцеллюлоза немесе поликорбанат мембранасы негізінде шприцті бактериялық сүзгілер арқылы екі рет өткізіледі. Бірінші жағдайда тесігінің диаметрі 0,45 мкм, екіншісінде - 0,22 мкм.

Құрамында вирусы бар концентрацияланған материал сынаққа дейін 4 °С 24 сағаттан аспайтын, – 20 °С температурада – 1 жыл бойы сақталады. Егер

бірнеше рет зерттеу қажет болса, қайта қатып қалмас үшін үлгіні бірнеше бөлікке бөледі.

Нуклеин қышқылдары биологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарады. Олар тірі организмдердегі генетикалық ақпаратты сақтайтын және тасымалдайтын жасушаның (жасушаның) маңызды құрам бөліктері болып табылады. Нуклеин қышқылдары ақуыз биосинтезіне қатысады және тірі организмдерде тұқым қуалаушылықты сақтап, оның бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. ДНҚ жасуша ядросының хромосомасында (99%), рибосомаларда және хлоропластарда, ал РНҚ ядрошықтарда, рибосомаларда, митохондрияда, пластидтер мен цитоплазмада кездеседі.

Олар жасушаның қай бөлігінде шоғырланса, соған байланысты қызмет атқарады. Жоғарыда айтылғандай, ДНҚ организмдегі тұқым қуалаушылық ақпаратты сақтайтын гендердің құрылыс материалы болып табылады. Ал РНҚ үш түрлі болғандықтан: рибосомдық (р-РНҚ); тасымалдаушы (т-РНҚ) және ақпараттық (а-РНҚ) әр түрлі қызметтер атқарады. ДНҚ мен РНҚ қызметтері 1940 жылдардан бастап анықталып, түрлі биологиялық тәжірибелер арқылы дәлелденген. Осы зерттеулер нәтижесінде молекулалық генетика ғылымы жедел дами бастады.

Нуклеин қышқылдарын бөліп алу жұмысы.

Нуклеин қышқылдары өндіруші ұйымның хаттамасы бойынша PureLink Viral DNA/RNA Kit ("Invitrogen", USA) экстракцияға арналған жинақтың көмегімен бөлінеді [179].

1. Құрамында 200 мкл вирус бар материал 25 мкл Протеиназа К-мен, Carrier RNA бар 200 мкл буфермен (5,6 мкг мөлшерінде) араластырылады, тамшуырман мұқият араластырылады және су моншасында 65°C температурада 15 минут инкубацияланады.

2. Инкубациядан кейін 300 мкл этанол қосылады, бөлме температурасында 5 минут ұсталады

3. Алынған қоспаны spin бағандарына құйып, 6000 г температурада 1 минут центрифугалайды, содан кейін баған таза 2 мл пробиркаға ауыстырылады және жуу буферімен екі рет жуылады.

Алынған қоспаны spin колонкаға құйып, 6000 г температурада 1 минут центрифугалайды, содан кейін баған таза 2 мл пробиркаға өткізіліп, екі рет жуу буферімен шаяды.

4. Колонкадан нуклеин қышқылдарын 1 мин ішінде 16000 g кезінде центрифугалау арқылы 30-дан 100 мкл дейін алдын ала 56с дейін қыздырылған элюациялаушы буферлік ерітіндімен жуады.

Нуклеин қышқылдарының мөлшерін өлшеу әдістері.

Нуклеин қышқылдарының концентрациясын спектрометриялық әдіспен анықтау. Нуклеин қышқылдарының концентрациясын өлшеу үшін нуклеин қышқылының белгілі бір түріне (қос тізбекті ДНҚ, бір тізбекті ДНҚ, РНҚ) байланысты флуоресцентті бояғыш қолданылды. Сандық өлшеулер Qubit 3.0

флюориметріне арналған нұсқаулыққа сәйкес Qubit HS (High Sensitivity) жиынтығының көмегімен жүзеге асырылады [146,р. 540]. Бояғыштың тек байланысты формасы қарқынды флуоресценцияға ие болғандықтан, әдіс ерітіндіде бос нуклеотидтердің, тұздардың, ақуыздардың және әртүрлі еріткіштердің болуына байланысты емес.

1.1 Стандарттар мен үлгілер үшін 0,5 мл түтіктердің қажетті санын орнатыңыз. Qubit®

DsDNA HS талдау үшін 2 стандарт қажет.

Ескерту: сыйымдылығы 0,5 мл ПТР үшін жұқа қабырғалы мөлдір пробиркалар (талдауға арналған пробиркалар (каталог нөмірі Q32856) немесе Axugen® PCR-05-C (каталог нөмірі 10011-830) қолданылады.

1.2 Түтіктердің қақпақтарын белгілеңіз.

Ескерту: пробирканың қырын белгілеменіз, себебі бұл үлгіні оқуға кедергі келтіруі мүмкін

1.3 Qubit® dsDNA HS Reagent 1: 200 реагентін Qubit® dsDNA HS буферінде сұйылту арқылы Qubit® жұмыс ерітіндісін дайындайды. Qubit® - ді дайындаған сайын таза пластикалық түтікті (пробирканы) қолданыңыз. Жұмыс ерітіндісін шыны ыдыста араластырмаңыз.

Ескерту: әр түтіктің соңғы көлемі 200 мкл болуы керек. Әрбір стандартты пробиркаға 190 мкл Qubit® жұмыс ерітіндісі қажет, ал әрбір пробиркаға 180-199 мкл қажет. Барлық стандарттар мен үлгілер үшін жеткілікті мөлшерде Qubit® жұмыс ерітіндісін дайындаңыз.

Мысалы, 8 үлгі үшін жеткілікті жұмыс ерітіндісін және 2 стандартты дайындаңыз: 10 пробиркаға ~ 200 мкл 2 мл жұмыс ерітіндісін береді (10 мкл Qubit® реагенті плюс 1990 мкл Qubit®буфері).

1.4 Стандарттар үшін пайдаланылатын пробиркалардың әрқайсысына 190 мкл Qubit® жұмыс ерітіндісін қосады.

1.5 Әрбір Qubit ® стандартының 10 мкл тиісті пробиркаға қосады, содан кейін 2-3 секунд сілкілеп араластырады. Көпіршіктер пайда болмас үшін абай болыңыз.

Ескерту: мұқият мөлшерлеу әрбір Qubit® стандартының дәл 10 мкл мөлшерінің 190 мкл Qubit®жұмыс ерітіндісіне қосылуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

1.6 Qubit® жұмыс ерітіндісін сынаманы қосқаннан кейін әрбір пробиркадағы соңғы көлем 200 мкл құрайтындай етіп жеке пробиркаларға қосады. Ескерту: сіздің үлгінің көлемі 1-ден 20 мкл-ге дейін болуы мүмкін. Әрбір пробиркаға тиісті көлемді Qubit® жұмыс ерітіндісін қосыңыз: 180-ден 199 мкл-ге дейін.

1.7 Әрбір үлгіні Qubit® жұмыс ерітіндісінің дұрыс көлемі бар пробиркаларға қосады, содан кейін 2-3 секунд сілкілеп араластырады. Әр түтіктің соңғы көлемі 200 мкл болуы керек.

1.8 Барлық пробиркаларды бөлме температурасында 2 минут инкубациялаңыз.

Qubit® 3.0 құрылғысын қосыңыз

2.1 Qubit® 3.0 флуориметрінің негізгі экранында «ДНҚ» батырмасын басыңыз, содан кейін қтДНҚ таңдаңыз. "Стандарттарды оқу" экраны көрсетіледі. Жалғастыру үшін «Стандарттарды оқыңыз» батырмасын басыңыз.

Ескерту: егер сіз таңдалған талдау үшін калибрлеуді жасаған болсаңыз, құрылғы жаңа стандарттарды оқу мен үлгілерді талдауды «алдыңғы калибрлеу» батырмасын басу арқылы таңдауды ұсынады. Егер сіз алдыңғы калибрлеуді қолданғыңыз келсе, 2.4-қадамға өтіңіз.

Болмаса, 2.2-қадамға өтіңіз.

2.2 Үлгілерге арналған камераға №1 Стандартты пробирканы салыңыз, қақпақты жабыңыз, содан кейін «Стандартты оқу» батырмасын басыңыз. Оқу аяқталған кезде (~3 секунд) №1 Стандарт шығарылады.

2.3 Үлгілерге арналған камераға №2 Стандартты пробирканы салыңыз, қақпақты жабыңыз, содан кейін «Стандартты оқу» батырмасын басыңыз. Оқу аяқталған кезде №2 Стандарт шығарылады.

2.4 «Үлгілерді орындау» батырмасын басыңыз.

2.5 Талдау экранында үлгінің көлемі мен өлшем бірліктері таңдалады:

а. Пробирканы талдауға қосылатын үлгіні таңдау үшін дөңгелектегі + немесе - батырмаларын басыңыз (1-20 мкл).

б. Ашылмалы мәзірде үлгінің шығу концентрациясы үшін бірліктер таңдалады.

2.6 Сынамаға арналған пробирканы сынамаға арналған камераға салады, қақпағын жабады, содан кейін «пробирканы санау» батырмасын басады. Оқу аяқталған кезде (~3 секунд) үлгі бар пробирканы алыңыз.

Құрылғы нәтижелерді талдау экранында көрсетеді. Жоғарғы мән (үлкен шрифтпен): бастапқы үлгінің концентрациясы. Төменгі мән - сұйылту концентрациясы.


2.7. Барлық үлгілер оқылғанша 2.6 қадамын қайталаңыз.

2.4 Нуклеин қышқылдарын электрофоретикалық талдау.

Материалдар мен жабдықтар: автоматты тамшуырлар (0,5-10 мкл, 50-200 мкл, 20-200 мкл, 100-1000 мкл), стерильді ұштықтар, эппендорфтарға және ПТР-пробиркаларға арналған штативтер, микротолқынды пеш, гель электрофорезіне арналған аспап, трансиллюминатор

Реактивтер: толық ДНҚ препараттары, 1-1,5% агароза, этидиум бромиді (3.8-диамино-6-этил-5-фенилфенантридиумбромид) ($\lambda_{\max} = 590$ нм) өтетін УК-жарықта трансиллюминатор астында (365 нм). EtBr ерітіндісі 1.5 мкг/мл соңғы концентрациясына дейін дайындалады: 10 мг/мл концентрациясы бар EtBr ағынды ерітіндісінен 150 мкл бидистилляцияланған судың 1 литріне бөлінеді. Қара шыны бөтелкеде сақтаңыз (EtBr жарықтың әсерінен тез бұзылады), буфер, 0.5 x TBE pH=8.3 (трис-боратты электродты буфер) (89мм трис, 89мм бор

қышқылы, 2мм ЭДТА рН=8.0) немесе 1x ТАЕ рН=7.6 66 (трис-ацетатты электродты буфер) (40мм трис-ацетат, 1мм ЭДТА, сірке қышқылы, СНЗСООН) (сурет 29).



Сурет 29 – «Нуклеин қышқылы бөліп алу әдісі» тақырыбындағы YouTube – тегі сабақтан үзінді

Жұмыстың барысы

1. Агароза микротолқынды пеште немесе су моншасында ерітеді;
2. Агароза ерітіндісін 50-60°C дейін салқындатыңыз;
3. Гельді пластикалық планшетке құйғанға дейін тістер мен субстрат арасында 2-3 мм арақашықтық болатындай етіп гребенка қалдырады;
4. Мұқият, көпіршіктердің шашырауына және пайда болуына жол бермей, агарозды құю формасын (пластикалық планшетті) толтырыңыз, агарозаны 30-40 минут салқындатамыз;
5. Гель үстіндегі буфер қабаты шамамен 3-5 мм болатындай етіп жүктеу буферін камераға құйыңыз.
6. Гребенканы мұқият алып, электрофорезге арналған камераға орнатады; Гель толықтай буфермен жабылғандығына көз жеткізу керек, қажет болаған жағдайда буфер қосады.
7. Гельге құю үшін ДНҚ сынамаларын даярлайды. Ол үшін иммунологиялық планшеттің ойықтеріне 2 мкл жүктеу буферін (6X) және 5 мкл

жетекші бояуы бар жалпы ДНҚ препаратын қосып, көпіршіктендірмей тамшуырман араластырады.

8. Электрофоретикалық камераны қақпақпен жабыңыз және параметрлерді ток көзіне орнатыңыз.

9. Бөлу аяқталғаннан кейін (жетекші бояу пластикалық планшеттің шетінен 1 см-ге жетеді), пластикалық планшетті гелден алып, гель алынып, этидиум бромиді бар ерітіндіге 30 минутқа қойылады. Бояу аяқталғаннан кейін гель трансиллюминаторға жіберіліп, нәтижелері жазылады.

Геномдық библиотекаларды алу.

ДНҚ библиотекалары нұсқаулыққа сәйкес Nextera XT DNA Sample Preparation Kit (Illumina, АҚШ) жиынтығын қолдана отырып, 1 нг зерттелген қос ішекті ДНҚ-дан дайындалды [28,б. 8]. Библиотекаларды дайындау барысында ДНҚ ферментативті фрагментациясы, сиквенс адаптерлерін байланыстыру, библиотеканы алдын-ала күшейту, қажетті ұзындықтағы фракцияларды таңдау және таңдалған библиотеканы клондық күшейту жүргізілді.

1-қадам: ДНҚ-ны сандық бағалау, ДНҚ мөлшерін Qubit көмегімен анықтаңыз, содан кейін әр үлгіні 0,2 нг / мл-ге дейін молекулалық сападағы ультра таза сумен сұйылтыңыз.

2-қадам: ДНҚ белгісі, жаңа ПТР планшетінің әр тесігіне көрсетілген ретпен келесі элементтерді қосыңыз:

5 мкл қалыпқа келтірілген гендік ДНҚ

5 мкл Amplicon Tagment Mix (АТМ) қоспасы

Пластинаны жабыңыз. Жалпы көлем әр ойықта 20 мкл болуы шарт.

Планшетті 280×g температурада 20°C температурада 1 минут центрифугалаңыз.

Алдын ала бағдарламаланған термоциклерге қойып, белгілеу бағдарламасын іске қосыңыз. 65°C температурада 5 минуттық қадам аяқталғаннан кейін бірден келесі қадамға өтіңіз.

1 минут ішінде 280×g температурада 20°C температурада центрифугаланады.

Бөлме температурасында 5 минут инкубациялаңыз.

3-қадам: ПТР

Сіз қолданатын индекстерді орнатыңыз және оларды TruSeq планшеттік қондырғысына орналастырыңыз (суреттерді нұсқаулықтан қараңыз).

Көп арналы тамшуырды пайдаланып, әр бағанға 5 мкл Index 1 (i7) адаптерін қосыңыз.

Маңызды: индекс түтігін ашқаннан кейін қақпақты лақтырып тастаңыз және оны жаңа қызғылт сары қақпақпен ауыстырыңыз.

Көп арналы тамшуырман әр қатарға 5 мкл Index 2 (i5) адаптерін қосыңыз.

Маңызды: индекс түтігін ашқаннан кейін қақпақты лақтырып тастаңыз және оны жаңа АҚ қақпақпен ауыстырыңыз.

Индекс адаптерлері бар әр ойыққа 15 мкл NPM қосыңыз. Араластыруға арналған тамшуыр. Қазір жалпы көлемі бір ойыққа 50 мкл құрайды.

1 минут ішінде 280×g температурада 20°C температурада центрифугалаңыз.

Алдын ала бағдарламаланған термоциклерге қойып, "NexteraPCR" бағдарламасын іске қосыңыз (12 цикл үшін орындалатын қадамдар қою шрифтпен белгіленген).

4-қадам: тазалау

Әр қолданар алдында вортексте AMPure XP шарларын араластырыңыз. Шарлардың біркелкі таралуын қамтамасыз ету үшін AMPure XP шарларын вортекске жиі араластырыңыз.

Маңызды: егер сіздің бастапқы материалыңыз геномдық ДНҚ-дан басқа нәрсе болса, нұсқаулықты қараңыз. ДНҚ-ның аз кіріс ұзындығы үшін AMPureXP түйіршіктерінің басқа мөлшері қажет болуы мүмкін.

Шарлардың ПТР өнімдерімен жақсы араласқанына көз жеткізу үшін тамшуырмен шамамен 20 рет араластырыңыз.

50 мкл супернатантты жаңа пластикалық планшетке жіберіңіз.

Ескерту. Illumina стандартты протоколы осы кезеңде шарларға негізделген қалыпқа келтіруді қажет етеді. Әдетте біз бұл қадамды өткізіп жіберіп, қалыпқа келтіруді есептеу үшін TapeStation және Qubit жүргіземіз. Сіз кез-келген әдісті қолдана аласыз.

Ескерту: бұл қауіпсіз тоқтау нүктесі. Егер сіз осыған тоқтағыңыз келсе, тақтайшаны жауып, -20 ° C температурада 7 күнге дейін сақтаңыз. Таңдау ретінде түнде термоциклерде қалдырыңыз.

Қалыпқа келтіру және біріктіру

Qubit-тегі әр библиотеканың санын анықтаңыз. Көптеген библиотекалар үшін 2 мкл кірісі бар HS dsDNA Qubit талдауын қолдану нәтиже береді. Әр библиотека үшін концентрацияны нг / мкл-де жазыңыз.

Үлгілерді TapeStation-да HSD 5000 немесе HSD 1000 тестімен іске қосыңыз. TapeStation реагенттерін қолданар алдында бөлме температурасына кем дегенде 30 минутқа қоюды ұмытпаңыз. "Файл" -> "Есеп жасау" -> "Pdf ретінде сақтау" тармағын таңдау арқылы TapeStation нәтижелерін сақтаңыз. Содан кейін бұл файлды электрондық пошта арқылы жіберуге немесе Asana-ға жүктеуге болады. Базалық жұптың ұзындығы үшін біз әдетте TapeStation талдау бағдарламасымен анықталған жоғарғы нүктенің мәнін қолданамыз. Бұл мән бақылаудың өзінде де, әр үлгі үшін жоғарғы нүктелер кестесінде де көрсетіледі.

Qubit-тегі пулдың мөлшерін анықтаңыз және пул қалыпқа келтірген nM концентрациясына жақын екеніне көз жеткізу үшін калькулятор кестесіне кіріңіз.

Геномдық библиотекалардың сапасын талдау DNA 1000 Kit жиынтығын пайдалана отырып, Agilent 2100 құралының көмегімен жүргізілді. Молекулалардың үдеуі және ұзындығы/массасы бойынша бөліну гельмен толтырылған чип арналарында электр кернеуінің әсерінен жүзеге асырылды.

Жұмыс жасушаларының әрқайсысына сынамадан басқа, ішкі маркер қосылады – ең аз және максималды мөлшердегі ДНҚ фрагменттері. Бұл әртүрлі капиллярлардағы бөлу нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік береді. Жеке ұяшыққа сыртқы маркер қосылады – белгілі ұзындықтағы ДНҚ фрагменттерінің қоспасы, бұл сынамалардағы ДНҚ фрагменттерінің мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

1. Жаңа чип қаптамадан шығарылады және оны шприцпен станцияға орналастырады

2. "G" белгісімен белгіленген ойықты толтырыңыз 9 мкл алдын ала дайындалған Gel-Dye Mix бөлме температурасында.

3. Шприц поршенін тірелгенше түсіріп, оны станцияның клипсасымен бекітеді.

4. 60 секундтан кейін шприц поршенінің 0,3 мл белгісіне жеткенін көзбен тексеріп, поршень босатылады.

5. 5 минут күтіп, өз бетінше поршенді 1 мл. белгіге дейін көтереміз.

6. Станцияны ашып, қалған «G» белгісімен белгіленген ойықтарды 9 мкл Gel-Dye Mix – пен толтырамыз.

7. Жасыл қақпағы бар 5 мкл ДНҚ маркері "Ladder" белгісімен белгіленген ойыққа және зерттелетін үлгілерге арналған 12 ойықтың әрқайсысына енгізіледі.

8. «Ladder» белгісімен белгіленген ойыққа сары қақпағы бар 1 мкл маркер құйыңыз.

9. Үлгілерге арналған 12 ойықтың әрқайсысына зерттелетін сынаманың 1 мкл енгізіледі (егер сынама саны аз болса, онда пайдаланылмаған тесіктерге деонизацияланған судың 1 мкл енгізіледі)

10. Үлгілері бар чипті ІКА вортеске көлденең қалыпта орналастырады және 2000-2400 айн/мин жылдамдықпен 1 мин бойы шайқайды.

11. Үлгіні талдау үшін чипті шығарып, Agilent 2100 құрылғысына салыңыз.

12. Нәтижелер арнайы бағдарламалық жасақтаманың көмегімен жазылады және компьютердің мониторуна шығарылады.

Нәтижелерді талдау

Алынған дәйектер Fast Quality Control (FastQC) функциясы арқылы сапаға тексерілді, ол қысқа оқулардың сапасын бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше түрлі статистикалық деректерді береді. Метагеномдық деректерді бионформатикалық өңдеу Genius Prime 2019 бағдарламалық жасақтамасын және метагеномдық немесе метатранскриптомдық үлгілерді жоғары өнімді реттік оқылымының сезімтал таксономиялық жіктелуіне арналған Kaiju бағдарламасын қолдана отырып жүргізілді. Әр қатарға NCBI таксономиясындағы таксон беріледі, оны микроб және вирустық ақуыздар тізбегі бар мәліметтер базасымен салыстыру арқылы. Ақуыз деңгейіндегі жіктеуді қолдана отырып, Kaiju нуклеотидтерді салыстыруға негізделген әдістермен салыстырғанда жоғары сезімталдыққа жетеді.

Өз зерттеу тәжірибеміздің негізінде, студенттердің өзіндік жұмыстарының келесідей түрлерін ұсынамыз:

- шешімі анықталуы қажетті зерттеу проблемасын анықтау;
- зерттеу тақырыбын нақтылау;
- зерттеу мақсатын анықтау;
- зерттеу мақсатын жетуге бағытталған міндеттерін айқындау;
- зерттеудің әдістерін анықтау;
- зерттеу барысындағы ақпараттарын жинақтау;
- зерттеу нәтижесінде анықталған ақпараттарға талдау жасау және оны өңдеу;
- зерттеу қорытындысын шығару және қорғау.

СӨЖ сабағы барысында студент үшін зерттеу жұмысының жоспарын анықтап, жұмысты орындау құрылымын құрастыруға; зерттеушілік күзіреттілікті қалыптастыру үшін әр-түрлі зерттеу жұмыстарын орындау жүйесінің әдістемелік нұсқаулығы ұсынылады.

Сонымен тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың қалыптастыру кезеңін қорытындылай келе, біз вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік күзіреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігіне тұжырымдама ұсындық. Дидактикалық, ғылыми тұрғыдан мақсатты түрде ұйымдастырылған биологиялық пәндерді білім беру әдістемесі бойынша оқу материалындағы теориялық білімді тереңдетуге практикалық зерттеулер нәтижесінде толықтыруға, студенттердің зерттеушілік күзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттердің зерттеушілік күзіреттілігі – оның қабылдаған білім, білік, дағдыларын белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өз - өзін болашақ мамандығына дайындау деңгейі болып табылады.

Бұл біздің тәжірибелік – эксперименттің қалыптастырушы кезеңі нәтижесінде анықтағанымыздай, біз вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік күзіреттілігін қалыптастырумен қатар, пәнді терең, зерттеп меңгерумен қатар, жобалық жұмыс жазу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау күзіреттілігін жетілдіру білігі артты.

Келесі бөлімде вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік күзіреттілігін қалыптастыру әдістемесінің эксперименттік нәтижелеріне талдау жасаймыз.

2.3 Тәжірибелік - эксперименттік зерттеу жұмысы және оның нәтижелері

Бұл бөлімнің мақсаты біз вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты ұсынылған әдістердің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент барысында тексерістен өткізіп, нәтижесін анықтау мақсаты қойылды.

Эксперимент жұмыстарын жоспарлау мен орындау барысында біз отандық және шетелдік еңбектерде жинақталған тәжірибелерді қолданған зерттеуші – ғалымдардың: В.П. Беспалько, И.Я. Лернер [178,б. 58] зерттеулеріне сүйеніп педагогикалық диагностика әдістерін, сонымен қатар отандық А.Ш. Байтукаеваның, М.Б. Аманбаеваның еңбектерінде [56,б. 18-20; 11,б. 145-160] көрініс тапқан зерттеу нәтижелерін математикалық – статистикалық өңдеу әдістерін негізге алдық.

Эксперименттік жұмыстары 2018 - 2021 жылдары аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің биология кафедрасында, «Микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығының» вирусқа қарсы қорғаныс зертханасының базасында сынақтан өткізілді. Аталған университеттердің «6В01513 - Биология» және «6В05101 - Биология» мамандықтарының 105 студенті қатысты. Тәжірибелік – эксперимент жұмысымыздың алдында біз студенттерді: эксперименттік (ЭТ) топ – 54 студент және бақылау (БТ) тобында – 51 студент болатындай екі топқа бөлдік.

Ал жалпы тәжірибелік – эксперимент жұмысы үш кезең бойынша жүргізілді: анықтау, қалыптастыру, бақылау эксперименттері (сурет 29).

Әр кезеңдегі зерттеу мәселесінің теориялық қортындылары тәжірибелік - эксперименттік тұрғыдан тұрақты түрде тексеріліп отырды және анықталған нәтижелерді салыстыру, талдау және қорытындылау биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастырудың алғашқы деңгейін анықтап, білуге мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының анықтау эксперименті кезеңінде біз, эксперименттік жұмысты ұйымдастырудың жалпы талаптарын айқындауға мүмкіндік беретін, теория мен практиканы ұштастыратын ғылымдағы жеке бағыттар жүйесіне сүйену негізінде орындадық.

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін диагностикалаудың нақты көрсеткіштерін белгіледік. Зерттеушілік құзіреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалау: оның мазмұны мен құрлымы, зерттеу жұмысының толық орындалуы жүйлілігі, өз бетімен орындай алу мүмкіндігімен анықталады.

Бақылау эксперименті яғни, зерттеу жұмысының нәтижесін тексеру әдіскер-ғалымдар ұсынған зерттеушілік құзіреттіліктің қалыптасу деңгейіне шолу жүргізіп, түрлі зерттеулерге талдау жүргіздік. Аталған талдау нәтижесінде, В.П.

Беспалько зерттеушілік құзіреттіліктің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштерін бағалауды: іс – әрекетті меңгере білу деңгейі; оқу тапсырмаларды шешуге қажетті жұмысты нақты таңдай білу; іс-әрекетті орындау барысындағы автоматтандырылу дәрежесімен сипатталады деп түсіндірген [178,б. 50-55]. Келесі ғалым А.В. Усова зерттеушілік құзіреттіліктің қалыптасу деңгейіне тапсырманы орындаудың жүйелілігі [133,б. 48] ретінде жазады, ал дәл осы көрсеткішті Г.И. Некипелова болса «зерттеу тапсырмасының мақсаты мен әрекетінің ғылыми көрсеткіші; зерттеушілік жұмыстардың жоспары және орындалу деңгейі» – деген пікір білдіреді [179-180].

Осы айтылған және басқада әдіскер-ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, біз вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін анықтайтын нақты мүмкіндік беретін көрсеткіштерін былайша топтастырдық:

- вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастыруға деген танымдық көрсеткіштері;

- жалпы зерттеушілік құзіреттілік және вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру әдістерінің ерекшеліктері туралы меңгерілген білімнің ғылыми – практикалық тұрғыдан қалыптасқан көрсеткіштері;

- нақты қалыптасқан зерттеушілік құзіреттілік деңгейінің көрсеткіштері.

Жоғарыдағы көрсеткіштердің әр – қайсысын құрайтын құрылымына байланысты жеке - жеке қарастырайық:

Бірінші көрсеткіш вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруға танымдық көрсеткіштерін белгілейтін негізгі қадамы ол - мотивация. Зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастырудың әдістемелік негіздемесінде студенттің білімді меңгеруге деген ынталандырушы-мотивациялық мақсаты болуы қажет. Аталған мақсат өз кезегінде биолог студенттерге білімдерін арттыра түсуге, өз бетімен ізденуге, зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастырудың бағытын жүйелі түрде анықтап, белсенді іс-әрекет орындауына әсер етеді. Вирустар, вирусология және зерттеу әдістерінің түрлері, ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру барысында біз студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында ғылыми-зерттеуге бағытталған тапсырмалар орындадық. Яғни мотивацияны студенттің сапалы білім алуға деген, өзі үшін белгісізді зерттеуге, оқу-танымдық білімін меңгеруге бағытталған қажеттілік, мақсат, құндылық арасындағы байланыс деп айқындаймыз. Сондықтан біз тәжірибелік - эксперимент кезеңдерінде студенттің іс - әрекетінің құндылығы, мақсаты және оның қызығушылығына назар аудардық. Біз мақсатты – биолог студенттердің саналы іс-әрекетінің нәтижесі. Мотив – нәтижеге бағытталған іс-әрекетке ынталы ұмтылысы ретінде нақты анықтап алдық.

Екінші көрсеткіш – вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру мен биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігі туралы осы уақытқа дейінгі қалыптасқан білімнің ғылыми-теориялық деңгейінің көрсеткіштерін айқындайды. Зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастырудың келесі көрсеткішінің құрлымы ол – мазмұндық компонент, кәсіби тұрғыдан, болашақ мамандығында қажетті дағдылар деңгейімен сипатталады.

Биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін сипаттаушы үшінші критерий – іс - әрекеттік компоненттен тұрады, яғни зерттеу тапсырмаларын шешу кезінде әдістерді, жоспарлы іс-әрекетті шығармашылық тұрғыдан меңгерген, зерттеушілік құзіреттіліктерді қалыптастыру нәтижесінде дамыған білік көрсеткішімен сипатталады.

Осы көрсеткіштер мен оның құрылымдық компоненттерінің негізінде вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру арқылы студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастырудың үш деңгейін бөліп қарастырдық:

Төмен деңгей: студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру мазмұнында вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру ақпараттарын теориялық талдау негізінде зерттеу тапсырмаларын орындап, оның нәтижелерін анықтауға деген жалпы қызығушылығы бар. Бірақ, қызығушылық тұрақты емес, студенттердің оқу барысында пассивті, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру зерттеулері туралы білімі негізгі терминдер мен ұғымдар анықтамасы түрінде білу деңгейінде меңгерілген, зерттеушілік іс-әрекетті өз бетімен ұйымдастыра алмайды, бұл үдеріс туралы түсінігін жалпылама және жеке қызығушылығы жоқ. Өз бетімен орындауға арналған тапсырмаларды тек оқытушы ұсынған жоспарға сәйкес орындайды. Студенттер зерттеушілік жұмыстар құрылымын толық деңгейде пайдаланбайды, зерттеу тапсырмаларының кейбір бөлімдерін ғана орындай алады. Сонымен қатар, студенттер зерттеу тапсырмаларын орындауда қателіктер кездеседі, оларды тек оқытушының нұсқауымен және көп уақыт жұмысап түзетеді.

Орта деңгей: студенттер зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастырудың маңызын, қажеттілігін біледі, оқу үдерісі барысында белсенділік көрсетеді, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру ерекшеліктерін, практикалық маңызы туралы білімді теориялық тұрғыда толық тұрғыда меңгерген, алайда білімдері толық және жүйелі тұрғыда қалыптаспаған, жалпы қызығушылықтары бар болғанмен, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру ерекшеліктеріне зертханалық талдау жүргізгенде қателіктер жібереді, жеке пікірлерін нақты дәлелдей алмайды. Студенттер вирустардың молекулярлық - генетикалық ерекшеліктері туралы бар білімдерін тек өздеріне таныс жағдайда ғана еркін қолданады, алайда олар үшін белгісіз жағдайда қолдануға қиналады. Вирустарды молекулярлық-генетикалық

сипаттау және сәйкестендіру бағытталған зерттеу тапсырмаларын оқытушы нұсқаулығымен орындайды. Бірақ, зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыруда өзбетімен ізденіп, инициативті, жаңа зерттеу нәтижелерін ұсынуға деген ұмтылыстары төмен.

Жоғары деңгей: студенттер зерттеу жұмыстарын тұрақты түрде, жүйелі жүргізеді, қызығушылықтары жоғары. Биолог студент келешек мамандығында зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастырудың қажеттілігін түсінеді. Зерттеу тапсырмаларын орындау барысында жоғары белсенділік және өз бетімен ұмтылыс көрсетеді. вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру әдістері туралы білімі толық, жүйелі және жаңа жағдайда осы білімдерін дұрыс қолданады. Жоғары деңгейде студенттер теориялық білімдерін зерттеу тапсырмаларды орындау барысында қажеттілігіне байланысты қолдана алады. Студенттер оқытушы нұсқауынсыз, яғни өз бетімен вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіруге бағытталған жұмыстарын жүйелі түрде орындайды. вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру талдау әдістерін сабақ барысында және келешек кәсібінде кез-келген уақытта тиімді қолдана алады. Қойылған тапсырмалар бойынша нақты мақсат қойып, өз бетімен дұрыс шешім қабылдай алады.

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін нақты анықтауға мүмкіндік туындатар көрсеткіштер: мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттер болып нақтыланды.

Зерттеу жұмысымыз барысында ұсынып отырған әдістеме бойынша, студенттерге вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру әдістері мамұны бойынша ғылыми-теориялық материалдар және өзіндік зерттеулер нәтижесінде қалыптасқан пәндік білім мен зерттеушілік құзіреттіліктің қалыптасу динамикасын анықтаушы көрсеткіштерге сәйкес, күрделілігіне деңгейі бойынша үш тапсырмалар топтар құрастырылды. Бұл тапсырмаларды құрастыру барысында олардың логикалық және мазмұндық сәйкестігін, зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру әрекетіне әсерін және деңгейінің өзгеруіне байланысты тапсырмалардың да өзгеріп отыруын қадағаладық.

Биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруға деген қызығушылығын арттырушы мотивациялық көрсеткішті анықтауда В.И. Андреев еңбегінің негізінде жоспарладық [181]. Яғни, студенттердің ғылым-танымдық зерттеушілік ынталарын диагностикалау және вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде пәндер мазмұнында биологиялық білімді терең, практикалық тұрғыда меңгеруге студенттің ізденімпаздық қызығушылығын сауалнама негізінде орындадық

(Қосымша Д). В.И. Андреев өз зерттеу жұмысында, студенттердің зерттеушілігін қалыптастыруға бағытталған мотивацияны арттыру үшін бес көрсеткіштен тұратын типтік сипаттама берген. Біз өз тәжірибелік – эксперимент жұмысымызда аталған типтік сипаттаманы негізге ала отырып, үш көрсеткіштен тұратын типтік сипаттама ұсындық.

Мотивациялық компонентті арттыру деңгейі төмен – студенттер көбінесе репродуктивті іс-әрекетке және күрделі емес зерттеу тапсырмаларын орындауға ынталы. Вирустарды молекулярлық-генетикалық талдаудың жаңа әдістерін меңгеруге, өздігінен түсініктеме беруге, қосымша ақпарат көздерін пайдалануға деген қызығушылықтары байқалады, алайда ол жүйесіз.


Мотивациялық компонентті арттыру деңгейі орта – биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыруға деген мотивациясы бар, алайда ол өз ынтасы бойынша жоғары деңгейде емес. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру нәтижелерін талдау бойынша тапсырмаларды орындауда көп жағдайда оқытушы нұсқаулығымен орындалады.

Мотивациялық компонентті арттыру деңгейі жоғары – биолог студенттерде зерттеушілік іс-әрекетке қызығушылығы өте жоғары, шығармашылық мазмұндағы, күрделілігі түрлі деңгейдегі вирустарды молекулярлық-генетикалық талдау тапсырмаларын ынталана орындайды және зерттеу нәтижесін ұсына алады.

Биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруда мотивациялық құрылымын анықтау үшін бақылау әдісін қолдандық. Студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру барысында мотивациялық жағдайлар: оқу үдерісі барысында ұйымдастырылған іс - әрекетке қызығушылығын, ынталану, қанағаттану сияқты эмоцияларына бақылау жүргіздік. Зерттеу тапсырмаларын ұйымдастыруда Г.И. Щукинаның зерттеулерін негізге ала отырып, таным қызығушылығының көрсеткіштері студенттердің эмоцияларын бақылаудың өшемдерін сипаттайды [182]. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруға деген мотивациясының өзгеру динамикасын анықтау үшін құрастырылған сауалнаманың нәтижелерін эксперимент және бақылау топтарындағы студенттерден экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерін салыстырмалы талдау жүргізу арқылы анықтадық. Аталған талдау нәтижелері вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру деңгейінде мотивациясының жоғарылау динамикасының бар екенін көрсетті (кесте 7, сурет 30).

Кесте 7 - Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық компоненті бойынша өзгеру динамикасы(%)

Мотивациялық компонентті арттыру деңгейі	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
төмен	45	44,7	36,5	16,3
орта	48,7	49,2	43,2	43,1
жоғары	6,3	6,1	20,3	40,6



Сурет 30 - Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық компоненті бойынша өзгеру динамикасы(%)

Тәжірибелік – эксперимент жұмысымыздың бақылау кезеңінде даму динамикасына сәйкес вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға мотивациясын арттыру деңгейінің екі топта да жоғарлағанын көрсетті, бірақ, байқағанымыздай өсу көрсеткіші бойынша пайыздық айырмашылықтар бар. Эксперименттен кейін биолог студенттердің вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру қажет екендігін сипаттайтын мотивациясының жоғары деңгейін анықталған студенттер саны бақылау тобында 14% ал эксперимент тобында – 34,6% артқан.

Зерттеу жұмысымыздың эксперимент кезеңінде келесі бақылау жүргізетін даму динамикасы ол мазмұндық компоненті, яғни вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастыру жоспарланған пәндік білім мен мамандық үшін меңгеруі керек біліктер мен дағдыларды пайдалану мүмкіндігін анықтауға арналады. Биолог студенттердің оқу үдерісін ұйымдастыруда «Микробиология» пәнінің мазмұнын оқытуда, мақсатты түрде зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған зерттеу тапсырмаларын орындау нәтижесінде қалыптасқан зерттеушілік құзіреттілік пен вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру жұмыстарының

нәтижесін талдау мысалында меңгерілген білімнің көрсеткішін анықтау мақсатында білімді меңгерудің толықтығы коэффициентін қолдандық. Аталған коэффициент зерттеушілік құзыреттіліктің мазмұндық құрылымына сәйкес В.П. Беспалько ұсынған әдіс негізінде [178,б. 47-49] білімді меңгерудің толықтығын төмендегі формуланы пайдаланып анықтадық:


$$K(n) = \frac{n}{N}$$

Формуланы талдау: n - меңгерілген білім көлемі, N – осы кезге дейінгі бар қажетті білім көрсеткіші.

Студенттердің білім деңгейі меңгерілуі қажетті білімінің деңгейін, яғни вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру туралы теориялық және практикалық білімдері мен құзыреттіліктерін талдау жасау негізінде осы уақытқа дейін «Микробиология» пәндері бойынша ағымдық бақылаудағы баллдары негізінде анықталды. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық компонентінің өзгеріс динамикасының кесте және диаграмма түрінде бейнеленді (кесте 8, сурет 31).

Кесте 8 – Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық компоненті бойынша өзгеру динамикасы (%)

Көрсеткіштері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Төмен	51,1	47,6	20,2	0
Орта	44,3	46,2	67,5	64,6
Жоғары	4,6	6,2	12,3	35,4




Сурет 31 - Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық компоненті бойынша өзгеру динамикасы (%)

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық компонентінің даму динамикасының талдау нәтижесінде байқағанымыздай, эксперименттен кейін зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру нәтижесінде, пәндер мазмұнын терең меңгеріп, білім көрсеткішін жоғары көрсеткен студенттер бақылау тобында 7,7% артса, эксперимент тобында 29,2 % артқандығын байқылауға болады.

Диссертация мазмұнында ұсынған моделге сәйкес келесі салыстырмалы талдау жасалатын көрсеткіш – іс-әрекеттік компонент, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің нәтижесінде жоғарылаған бақылаушы көрсеткіш деңгейінің даму динамикасын анықтадық. Бұл тәжірибелік эксперимент вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда іс – әрекеттік компоненттің даму динамикасын анықтаушы экспериментте пайдаланылған сауалнаманы бақылау экспериментінде қайта алынып, алынған жауаптарға талдау жасау негізінде анықталды (кесте 9, сурет 32).

Кесте 9 – Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың іс-әрекеттік компоненті бойынша өзгеру динамикасы (%)

Көрсеткіштері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Төмен	61,1	61,4	38,4	0
Орта	34,1	34,2	52,1	61,3
Жоғары	4,8	4,4	9,5	38,7



Сурет 32 – Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың іс-әрекеттік компоненті бойынша өзгеру динамикасы (%)

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың іс-әрекеттік компоненті бойынша өзгеру динамикасының көрсеткішіне талдау нәтижесінде анықталғаны, эксперимент соңында, студенттердің іс-әрекеттік белсенділігі жоғары деңгейді көрсеткішті көрсеткен студенттердің бақылау тобында 4.9% артқан болса, эксперимент тобында 34,3% -ға артқаны анықталды.

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру моделі негізінде, біз ұсынған әдістемесінің тиімділігін анық сипаттайтын көрсеткіштер: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттер деңгейінің өзгеру динамикасын анықтау оқу үдерісіне ендіру мүмкіндігі жоғары көрсеткіш көрсетті.

Тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың бақылау кезеңінде зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесін анықтау жұмыстары орындалды. Аталған жұмыстар нақты оқу үдерісінде жобаланды және орындалды. Бұл эксперимент барысында вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістерін анықтауды мақсат еттік. Осы себепті, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың даму динамикасы тәжірибелік-эксперименттің басталғаннан соңына дейін тұрақты, жүйелі түрде бақылап отырдық. Бұл үшін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру кезеңдері ауысқан сайын эксперимент тобындағы студенттердің вирустардың молекулярлық-генетикалық ерекшеліктері туралы білімі мен зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткіштері тұрақты бақыланып отырды. Мұндай бақылаулар тәжірибеге қатысқан студенттердің биологиялық білім көрсеткіштерін, зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлерін анықтап және тиімділігін жүйелі түрде бақылауда болуы үшін және тәжірибелік-эксперименттің алдын-ала анықталған мақсат бойынша орындалуын жүзеге асыру үшін қажет.

Оқытудың теориясы және практикасында өзгеріс динамикасын анықтауға қойылатын негізгі талаптар: өзгеріс динамикасы жеке тұлғаны қалыптастырудың бастапқы заңдылықтарына жауап беруі керек; өлшемдер арқылы зерттелетін үдерістің компоненттері арасындағы өзара байланыстарды қамтамасыз ету керек; ал сапалық көрсеткіштер сандық көрсеткіштермен бірдей анықталып отыруы қажет.

Біз ұйымдастырған тәжірибелік-эксперименттің тиімділігі мен сапалық көрсеткіштері анықтадық. Вирустардың молекулярлық-генетикалық ерекшеліктері туралы білімі мен зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудағы өзгеріс динамикасын тәжірибелік-эксперимент барысында жүйелі анықтап отыру үшін, біз мынандай математикалық - статистикалық әдістерді пайдаландық:

- орташа көрсеткішті (O_k) анықтау – биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптасуның өсу көрсеткіші.

Ол мына формула арқылы анықталды:

$$O_k = \frac{a + 2b + 3c}{100},$$

формулаға түсініктеме берсек, a , b , c – зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру төмен, орта, жоғары көрсеткішпен сипатталатын студенттердің пайыздық үлесі.

- G – абсолюттік өсудің көрсеткіші – тәжірибелік-эксперименттің басындағы және оның қорытынды нәтижесінің салыстырмалы динамикасын анықтайтын көрсеткіш, ол мынандай формуланы пайдалану негізінде анықталады:


$$G = K(\text{соңы}) - K(\text{басы}),$$

формулаға түсініктеме берсек, $K(\text{басы})$ – эксперимент басындағы көрсеткіш, $K(\text{соңы})$ – эксперимент соңындағы көрсеткішті бейнелейді.

Жоғарыда аталған формулаларды пайдаланылana отырып, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында ұсынылған әдістеменің тиімділігін оқу үдерісінде зерттеу көрсеткішіне, сапалық мәніне әсерін мазмұнын біз толықтырған «Микробиология» оқытуда тәжірибелік-эксперимент жүргізу арқылы анықталды. Сондықтан да, тәжірибелік-эксперимент кезеңдерінде эксперименттік топтағы студенттерде зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру әдістемесінің даму динамикасын жүйелі бақылау үшін, бақылаудың үш кезеңінде үш кескінін өткізіп, алынған нәтижелерді салыстыра талдап отырдық. Бұл бақылау үшін студенттерден басында тоқталып өткеніміздей, мазмұндық сұрақтар мен тапсырмалардан тұратын сауалнама алынды. Бастапқы бақылау кескіні тәжірибелік-экспериментінің алғашқы кезеңінде жүргізілді және зерттеушілік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейінің алғашқы көрсеткіші анықталды (кесте 10, сурет 33).

Кесте 10 - Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігінің қалыптасу көрсеткіші

Топтар	Адам саны	Көрсеткіштері						Ок
		Төмен		Орта		Жоғары		
		Адам саны	%	Адам саны	%	Адам саны	%	
БТ	51	28	54,2	19	37	4	7,8	1,56
ЭТ	54	29	58	22	37,2	3	4,8	1,36




Сурет 33 - Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткіші

Алғашқы бақылау кескінінің нәтижесіне талдау жасай отырып байқағанымыз екі топ студенттерінде де экспериментке дейін зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінде үлкен айырмашылығы жоқ. Орташа көрсеткіштің (Ок) мәнін анықтау нәтижесінде эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштерінде айтарлықтай арасы алыс айырмашылығы байқалмады, яғни екі топ студенттерінде де сапалық көрсеткіштің бір деңгейде екендігі анықталды. Аталған бақылау кескінін талдау жасау нәтижесінде бізге тәжірибелік-экспериментті жоспар бойынша әрі қарай ұйымдастырудың нақты бағытын анықтауға мүмкіндік берді.

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың біз ұсынған әдістемесі негізінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесінің тиімділігіне бақылау жүргізуге бағытталған қорытынды бақылау кескінінің салыстырмалы динамикалық көрсеткіші анықталды (кесте 11, сурет 33).

Кесте 11 - Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткішінің салыстырмалы динамикасы

Топтар	Адам саны	Көрсеткіштері						Ок
		Төмен		Орта		Жоғары		
		Адам саны	%	Адам саны	%	Адам саны	%	
БТ	51	18	35	26	49	7	16	1,9
ЭТ	54	0	0	28	58	16	42	2,46



Сурет 33 - Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткішінің салыстырмалы динамикасының диаграммасы

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың қорытынды бақылау кескінінің салыстырмалы динамикалық өзгерісіне талдау бойынша, алғашқы бақылау кескінен айырмашылығы, жоғары көрсеткіш көрсеткен студенттер эксперименттік топта - 37,2 %, бақылау тобында - 8,2 % - ға артқаны анықталды. Эксперименттік тобында вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу төмен көрсеткішті көрсеткен студенттер тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың соңында мүлдем жоқ болғандығын анықтадық. Ал қорытынды бақылаудың орташа көрсеткішіне салыстырмалы талдау нәтижесі бойынша, біз ұсынған биолог вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін оқу үдерісіне ендірудің тиімділігін дәлелдеді.

Эксперименттік талдау нәтижесінде анықталған, сонымен қатар салыстырмалы – статистикалық мәліметтерімен дәлелденген нәтижелер вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін көрсетті. Қорытындылай келе, тәжірибелік-эксперимент нәтижесі бойынша вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру олардың ғылыми-теориялық білімді терең, өзі көз жеткізу арқылы меңгеруіне, танымдық белсенділігінің артуына, өзіндік ғылыми-зерттеушілік беленділігінің дамуына, іздену, салыстыра білу, талдау жасау дағдыларын меңгеруіне, креативтілік қабілеттерінің қазіргі заман талабына сәйкес қалыптасуына әсер етеді деген алдын-ала көрсетілген зерттеу мақсатымыздың дұрыстығын дәлелдеу арқылы, оқу үдерісін ұйымдастыруда вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау

және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін енгізудің қажеттілігін, оның тиімділігін дәлелдейді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

«Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі және тәжірибелік – эксперимент нәтижелері» деп аталған екінші тарауда вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мазмұны келесі әдістемелік міндеттер бойынша анықталды:

- «Микробиология» пәнінің мазмұнына зертханалық жұмыстармен қатар қосымша арнайы зерттеу жұмыстарын орындау арқылы зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктері анықталды, нәтижесінде 2019 – оқу жылынан биолог студенттерді даярлау білім беру бағдарламасының 8-семестріне ендірілген «Микробиология және биотехнология» пәніне арналған оқу әдістемелік кешен дайындалып, оқу үдерісіне ендірілді.

Білімді ғылыми – зерттеушілік мазмұнда ұйымдастыруға бағытталған, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде зерттеу нәтижесінде ұсынылды:

- биоәртүрліліктің мекен ортасы болып саналатын үш үлкен көзі – су, атмосфера және топырақ – оны зерттеудің негізгі объектілеріне метагеномикалық зерттеу нәтижелеріне талдау жасалып, салыстырмалы практикалық ұсыныстар берілді;

- метагеномды оқудың таралуы NCBI BLAST мәліметтер базасына негізделді, су үлгілерінде Coronavirinae барлық ұрпақтарының РНК тізбегінің фрагменттері бар екендігі анықталды. Осы зерттеу нәтижесінде, су сынамаларын көлемді параллельді секвенирлеу белгілі бір аймақтың санитарлық жағдайын бағалау үшін таптырмайтын құралға айналуы мүмкін деген қорытындыға келдік;

- Африкалық ергежейлі кірпі (*Atelerix albiventris*) қиының микробиомасы мен вирусы зерттелді, метагеномикалық деректерінің таксономиялық жіктелуі тізбектің нәтижесінде 1% - ы археаларға, 11% төменгі эукариоттарға, 27% вирустарға, 57% бактерияларға және 4% жіктелмеген организмдерге сәйкес келетіндігін көрсетті. Зерттеу нәтижесінде: *Candida*, *Salmonella*, *Mycobacterium*, *Acinetobacter*, *Klebsiella*, *Chlamydia*, *Yersinia*, *Bartonella*, *Herpesviridae*, *Bunyaviridae*, *Rabies*, энцефалит вирустары және басқалары өкілдерінің тізбегі табылды. Осылайша, кез-келген үй жануарлары жақын қарым-қатынаста белгілі бір жұқпалы аурулардың таралу қаупін тудыратыны көрсетілген. Сонымен қатар, денсо және жәндіктердің иридовирустарының толық геномдары құрастырылды, вирустардың осы топтарының эволюциясы жалғасып жатқандығы, толық геномдардың реттілігі NCBI NCBI халықаралық деректер базасында ұсынылды;

- Аралардың (*Apis mellifera*) метагеномы мен вирусын зерттеу жүргізілді, бұл ретте Шығыс Қазақстанның өлген аралары құрамында аралардың жіп тәрізді вирусы бар ірі етДНҚ-ға байығаны анықталды, бұл вирустың толық дерлік геномын жинауға мүмкіндік берді.

- Қазақстандағы қымыздың метагеномикалық зерттеу нәтижесі ұсынылды: Зерттелетін қымыздың үлгілерінен вирустардың 70 тұқымдастарының өкілдері табылғанына қарамастан, барлығы 721 виротиптің болуы анықталды. Алайда, олардың жетеуі барлық анықталған вирустардың 92% - ын құрайтыны көрсетілген. Бұл жағдайда басым тұқымдастар *Podoviridae* және *Syphviridae* болып табылады. Анықталған виротиптердің ішінде өкпе және асқазан-ішек жолдарының ауруларын тудыратын микроорганизмдердің негізгі топтарын лизистеуге қабілетті вирустар тобы болып табылды. Қымыздың дәстүрлі медицинадағы рөлін бағалауға мүмкіндік берді;

- Тауық шаруашылық аумағындағы түрлердің алуан түрлілігін бағалау үшін көлемді параллельді секвенирлеу қолданылды, көмірсулардың синтезіне жауап беретін жүйелер гендердің шамамен 14%, ДНҚ синтезі жүйелері шамамен 4%, мембраналық тасымалдауға жауапты гендер 3% -дан аспайтыны анықталды. Мұндай нәтиже жалпы үлгідегі зерттелетін экожүйенің жай-күйін бағалауға және туындаған жағдайды сол немесе басқа дәрежеде түзету бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Тәжірибелік зерттеу жұмысы нәтижелерінің және ғылыми-теориялық материалдар негізінде зерттеушілік күзіреттілігін қалыптастыру үшін, мақсатты түрде жоспарланған «Микробиология және биотехнология» пәніне арналған оқу әдістемелік кешен және «Вирусология негіздері» атты оқу құралы дайындалды. (Ө, Г қосымшасы)

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік күзіреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістемесі ұсынылды.

Тәжірибелік - эксперименттік жұмыстар 2018-2021 жылдары аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің биология кафедрасында, «Микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығының» вирусқа қарсы қорғаныс зертханасының базасында сынақтан өткізілді. Аталған университеттердің «6В01513 - Биология» және «6В05101 - Биология» мамандықтарының 105 студенті қатысты.

Тәжірибелік - эксперименттік жұмыстары үш кезеңнен тұрды: анықтау, қалыптастыру және бақылау - тексеру эксперименттері. Әр кезеңдегі зерттелуі керек проблема бойынша теориялық қортындылар эксперименттік жұмыстар арқылы тұрақты түрде бақылауда болды және анықталған нәтижелерді салыстыру және қорытындылау биолог студенттерді даярлау үдерісінде зерттеушілік күзіреттілігін қалыптастыру динамикасын анықтауға мүмкіндік берді. Анықталған көрсеткіштер мен оны құраушы компоненттер негізінде вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде

студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың үш деңгейі жеке-жеке қарастырылды: төмен, орташа және жоғары деңгейлер.

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткішінің үшінші бақылау кескіні нәтижесі бойынша бірінші бақылау кескіні нәтижесімен салыстырғанда анықтағанмыз жоғары көрсеткіш көрсеткен топқа ауысқан студенттер саны эксперименттік топта - 37,2 %, бақылау тобында - 8,2 % - ға артты. Тәжірибелік - эксперименттік жұмыстары көрсеткіштерін талдау нәтижесі ұсынылған. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін оқу үдерісінде пайдаланудың тиімділігі дәлелденді. Зерттеу нәтижелері оқу үдерісіне ендірілді және ендіру актілері алынды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл диссертациялық жұмыс білім беру үдерісіндегі маңызды проблемалардың бірі зерттеушілік құзыреттілікке, ал нақтырақ айтатын болсақ, Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесіне арналған.

Білім беруді ұйымдастыруға қажетті нормативтік құжаттардағы оқыту үдерісіне қойылып отырған талаптарының негіз – жаңашыл, мобильді, жауапкершілігі жоғары, кәсіби міндеттерді шешуде өз жеке көзқарасын дәлелдей білетін, ізденімпаз маманды даярлау.

Аталған талаптарға сәйкес, болашақ биолог маманның зерттеушілік құзыреттілікті білім беру үдерісінде ғылыми зерттеу жұмыстарымен дәлелдеп, көз жеткізуге қабілетті, мотивациялық-құндылық көзқарасын қалыптастыру қажеттігі тұрғысынан біз өз зерттеу жұмысымызда вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздемесін және әдістемелік жолдарын ұсындық.

Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды.

Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруды оқу үдерісін ұйымдастыруда зерттеу нәтижелерін қолдану мүмкіндіктерінің ғылыми – әдістемелік жолдары анықталды.

Зерттеушілік құзыреттілігінің теориялық және практикалық әдістемелері жүйеленіп оны оқу үдерісін ұйымдастыруда қолданудың тиімді жолдары ұсынылды.

«Микробиология және биотехнология» пәнінің мазмұнына талдау жасалып, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру нәтижесінде анықталған материалдарын оқу үдерісін ұйымдастыруда пайдалану мүмкіндіктері нақтыланды.

2. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі дайындалып, оқу-әдістемелік шарттары нақтыланды. Модел өзара байланысқан: мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік компоненттері мен зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру негізінде оқытудың көрсеткіштері айқындалды.

3. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің

мазмұны анықталды, нәтижесінде «Микробиология және биотехнология» пәніне арналған оқу әдістемелік кешен ұсынылды.

4. Педагогикалық эксперимент негізінде Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оқу үдерісіне ендірілді.

5. Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденді. Диссертациялық жұмысқа қойылған мақсат пен міндеттердің шешілуі, жинақталған теориялық, әдістемелік-педагогикалық және ғылыми-биологиялық материалдар біз ұсынған зерттеу болжамымыздың дұрыстығын дәлелдеді.

Зерттеудің нәтижесі бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

- біз ұсынып отырған вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің теориялық және әдістемелік негіздері болашақ мамандарды даярлауда және келешек кәсібінде тиімді қолданыс табады деген сенімдеміз;

- адам денсаулығына зиян келтіретін және мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелетін жаңа вирустарды анықтау үшін алынған мәліметтер базасын көлемді параллель тізбектеу және биоинформатикалық талдау жасау нәтижесі білім, ғылым, медицина, экономика және көптеген салаларда практикалық маңызы жоғары;

- вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделін басқа пәндерді оқыту үрдісінде және білім сапасын арттыру мақсатында пайдалануға болады;

- теориялық тұрғыда негізделген, ғылыми - тәжірибелік тұрғыда дәлелденген зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістеме мен басқа да жоғары оқу орнының оқу үдерісін ұйымдастыруға және мұғалімдер біліктілігін арттыру курстарында пайдалануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». – Нұр-Сұлтан, 2022. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> 01.09.2022.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Нұр-Сұлтан, 2021 // <https://strategy2050.kz/news/zholdau-2021-zhalpy-ltty-is-sharalar-zhosparyny-zhobasyny-ba-uttary-zh-zege-asuy/> 01.09.2021.

3 Абдулова Л.Ш. Формирование исследовательской компетентности студентов колледжа на основе синергетического подхода: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. - Астрахань, 2010. - 166 с.

4 Заир-Бек Е.С., Соляников Ю.В. Технологии обучения научно - исследовательской деятельности как фактор качественной подготовки научных кадров в педагогическом университете. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2000. - С. 96 - 114.

5 Исаева З.А. Формирование готовности студентов к педагогической исследовательской деятельности. – М.: МГПУ, 1995. – 110 с.

6 Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога. – Изд. 3-е. – М.: Академия, 2010. - 170 с.

7 Лазарев В.С., Ставринова Н.Н. Подготовка будущих педагогов к исследовательской деятельности. – Сургут: РИО, 2007. – 171 с.

8 Хан Н.Н. Сотрудничество в педагогическом процессе школы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 200 с.

9 Баймукашева Г.К. Студенттердің ғылыми - зерттеу әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. – Атырау, 2010. – 165 б.

10 Исаева З.А. Формирования профессионально - исследовательской культуры педагога в системе университетского образования: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 1997. - 301 с.

11 Аманбаева М.Б. Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесі: филол. док. (PhD) ... дис.: 6D011300. - Алматы, 2017. - 178 б.

12 Салыбекова Н.Н. Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі: филол. док. (PhD) ... дис.: 6D011300. - Алматы, 2017. - 144 б.

13 Верзилин Н.М. Проблемы методики преподавания биологии. - М.: Педагогика, 1974. - 224 с.

14 Корсунская В.М. Активизация методов обучения на уроках биологии. – М.: АПН РСФСР, 1961. – 96 с.

- 15 Зуев В.Ф. Педагогические труды / под. ред. Б.Е. Райкова. - М., 1956. - 426 с.
- 16 Рыков Н.А. Методика преподавания зоологии. - Л.: Гос. учеб. пед. изд-во, 1957. - 512 с.
- 17 Райков Б.Е. Пути и методы натуралистического просвещения. - М.: АПН РСФСР, 1960. - 488 с.
- 18 Гольцова Г.М. Совершенствование методической подготовки учителя биологии средствами учебно - исследовательской деятельности студентов: автореф. ... канд. пед. наук. - Ленинград, 1985. - 16 с.
- 19 Суматохин С.В. Требования ФГОС к учебно - исследовательской и проектной деятельности // Биология в школе. - М., 2013. - №5. - С. 60-67.
- 20 Қайым Қ. Жануартану пәніне оқушылардың танымдық қызығуын қалыптастыру әдістемесі: автореф. ... пед. ғыл. канд.: 13.00.02. – Алматы, 1997. - 130 б.
- 21 Торманов Н., Абылайханова Н.Т. Биологияны оқытудың инновациялық әдістемелері. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 259 б.
- 22 Торманов Н.Т., Абшенова Л.Ү. Биологияны оқыту әдістері. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 196 б.
- 23 Шілдебаев Ж.Б., Аманбаева М.Б. Ғылым жетістіктері - биологиялық білім беру кеңістігінде. - Алматы: Ұлағат, 2014. - 75 б.
- 24 Чилдибаев Ж.Б., Бакирова К.Ш. Жаратылыстану мамандықтары бойынша магистранттар мен докторанттар дайындаудың өзекті мәселелері // Жоғары оқу орындарына жаратылыстану ғылымдары пәндерін оқытудың іргелі бағыттары: халықарал. ғыл.- практ. конф. матер. – Алматы, 2013. – Б. 141-144.
- 25 Жүнісова К. Биология курсы қандай болуы тиіс // Қазақстан мектебі. Биология және химия. - Алматы, 1996. - №1. - Б. 7-14.
- 26 Жүнісова К., Әлімқұлова Р., Жұмағұлова Қ.Ә Биология: оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2002. - 119 б.
- 27 Zhumagulova K.A. Methodology of teaching biology. Textbook "Methodology of teaching biology" For students on specialty "Biology". - Almaty, 2017. - 261 p.
- 28 Қуанышева С.Е. Биологияны оқыту әдістемесі. – Шымкент, 2000. - 300 б.
- 29 Қалиева А.Н. Биолог мамандарын дайындауда *Agrimonia L.* туысы дәрілік түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін білім беру жүйесінде пайдалану: фил. док. (PhD) ... дис.: 6D011300. - Алматы, 2015. - 175 б.
- 30 Miller David F. Methods and Materials for Teaching Biological Sciences. - Publisher Read Books, 2017. - 448 p.
- 31 Данилевская В.Б. Учебно - исследовательская практика по ботанике как форма развития исследовательской деятельности бакалавров естественно-научного образования: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02. - СПб. : РГПУ им. А.И. Герцена, 2009. - 165 с.

- 32 Дьюи Дж. Педагогический энциклопедический словарь / под ред. Б.М. Бим-Бада. - М., 2003. - 356 с.
- 33 Брунер, Дж. Психология познания: за пределами непосредственной информации. Пер. с англ. К.И. Бабицкого; под общ. ред. А.Р. Лурия. - М.: Прогресс, 1977. - 412 с.
- 34 Клинберг Л. Проблемы теории обучения / пер. с нем. - М.: Педагогика, 1984. - 256 с.
- 35 Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік / бас ред. Ж.Қ.Түймебаев. - Алматы, 2009. - 132 б.
- 36 Шаталов В.Ф. Точка опора. Об экспериментальной точке преподавания. - М.: Педагогика, 1987. - 157 с.
